Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№8 (1011)

26.02.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚТАРДЫ ДАМЫТУ

мүмкіндіктері талқыланды

«Талдықорған» индустриалды аймағы қажетті инженерлік инфрақұрылымдармен толық қамтылған. Индустриалды аймақта базальт плиталарын, асфальт, синтетикалық жуу құралдарын өндіретін, өсімдік майын рафинадтап, бөтелкеге құятын 5 өндірістік кәсіпорын орналасқан. Алдағы жылдары көкөніс өсіруге арналған екі жылыжай, жабдықтарға қызмет көрсететін автосалон салу жоспарлануда. Бұл туралы облыс әкімі Амандық Баталовтың төрағалығымен өткен жиында айтылды.

Аймақ басшысының қатысуымен өткен жиында Алматы облысындағы «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА пен 6 индустриалды аймақты дамыту қорытындылары, мүмкіндіктері мен жоспарлары туралы мәселе де талқыланды.

Бұл туралы «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-ның қазіргі жұмысы туралы «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА Басқару компаниясы» АҚ бас директоры Мұрат Баймұханбетов баян етті. Оның айтуынша, Қорғас ХШЫО аумағында 23 инвестициялық компания өз қызметін жүргізуде. Олар 10 мыңнан астам жұмыс орны ашылатын, құны 113,17 млрд. теңгелік 32 инвестициялық жобаны іске асыруда. Мұның ішінде жылына 30 мың тонна өнім шығаратын «SSA Feed Mills» ЖШС-ның құрама жем зауыты, алаңы 25 мың шаршы метрлік «KIF Warehouses» қойма кешені, жылына 15 мың тонна қуаттылықпен «Заря Ltd» ЖШС астық терминалы және басқа да нысандар бар.

Бүгінгі күнге жалпы құны 4,4 млрд. теңгеге 7 нысан іске қосылған. Бұл – 30 мың шаршы метр сауда алаңы мен 750 жұмыс орны деген сөз. Жалпы құны 29,23 млрд. теңге болатын 10 нысанда құрылыс монтаж жұмыстары жүргізілуде. 50,22 млрд. теңгелік 11 нысан жүзеге асырылу үстінде. Инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен бүгінгі күні 28 млрд. теңге инвестиция салынды. Перспективалы бағыттардың арасында әуежайдың, типтік қоймалар мен цехтардың құрылысы, тұрғын үй және коммерциялық жылжымайтын мүліктердің құрылысы, IT-платформаларды дайындау және енгізу бағыттары бар.

Жиын барысында облыс басшысы Амандық Ғаббасұлы экономикалық аймақ инфрақұрылымдарын дамыту мен жоспарланған жобаларды сапалы жүзеге асыру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

Өз кезегінде «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ бас директорының даму жөніндегі орынбасары Өмірзақ Бекенов индустриалды аймақтарды одан әрі дамыту туралы айтып берді.

Іле ауданындағы «Боралдай» өндірістік аймағында қазіргі кезде 14 кәсіпорын жұмыс істейді, оларда 350 жұмыс орны құрылған. Тағы 4 кәсіпорынның құрылысы жүруде, 300 жұмыс орнын ашатын, инвестициясының жалпы сомасы 5 млрд. теңгеден асатын 1 кәсіпорын салу жоспарлануда. Сондай-ақ «Арна» индустриалды аймағын дамыту да жалғасады. Оның аумағында Трансұлттық компанияның қатысуымен «МаревенФуд Тянь-Шань» ЖШС-ның азық-түлік өндіретін зауытын салу ірі инвестициялық жобасы жүзеге асырылды. Жобаның құны 15,4 млрд. теңге, 500-ден астам жұмыс орны ашылған. Мәселен, 2019 жылы мұндағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 12,0 млрд. теңгені құраған. Макарон, құрылыс материалдары шығарылып, табиғи құм өндірілген.

Іле ауданындағы «Боралдай», Қапшағай қаласындағы «Арна», Жамбыл ауданындағы «Қазыбек бек» индустриалды аймақтарында 8 мыңдай жұмыс орнымен 300-ден астам кәсіпорын орналастыруға мүмкіндік бар. 5 индустриалды аймақта инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жүріп жатыр, «Талдықорған» индустриалды аймағында барлық инфрақұрылым толығымен дайын.

Жиынды қорытындылаған А. Баталов индустриалды аймақтарды дамытудың мүмкіндігі мол екенін айтты. *«Тек қана кәсіпкерлермен жеке-жеке жұмыс істеп, кездесулер, инвест-форумдар өткізіп, жаңа кәсіпорындар ашу ісіне тарту керек. Яғни жаңа жұмыс орындарын ашуларына мүмкіндіктер жасау керек. Бұл тікелей аудан, қала әкімдерінің жұмысы. Біз өз тарапымыздан барлық қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етеміз. Қабылданған шараларға қарамастан, бұл бағытта аудан, қалалардың жұмысы баяу жүріп жатыр. Барлық жағдайы жасалған «Талдықорған» индустриалды аймағының өзін дамыту сылбыр жүруде. Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы, «Жетісу» ӘКК, аудан, қала әкімдері, компания басқарушылары бірлесіп жұмысты жандандырып, индустриалды аймақтарды дамытумен түбегейлі айналысулары керек. «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА мен индустриалды аймақтардың экономикалық әлеуеті өте үлкен. Оны өңірді дамыту мен халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға дұрыс пайдалана білуіміз керек»,* – деді облыс әкімі. Бұл тұста осы салаға жетекшілік ететін орынбасары Серік Тұрдалиевке және тиісті басқармалар мен департаменттерге тапсырма берді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІБІ-НӘСІБІ

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Алматы облысының тұрғыны Мереке Рамазан Қапшағай қаласында балаларға арналған кілемшелер мен жұмсақ ойыншықтар шығаратын цех ашып, өзінің студенттік арманын орындады.

28 жастағы Мереке Рамазан Балқаш ауданындағы Береке ауылында туған. Оқу орнын IT бағыт бойынша сәтті аяқтап, байланыс инженері болып еңбек етті. Алайда, студенттік кезінен бастап жеке кәсібін ашуды армандап келді. *«Соңғы екі жылда балалар ойыншықтары мен кілемшелерін шығару идеясы туындады»*, – дейді Мереке.

Арманын жүзеге асыру үшін 2019 жылы «Еңбек» бағдарламасы бойынша «Бастау Бизнес» бір айлық оқыту жобасының курсына жазылды. Кәсіпкерлер палатасында кеңес алып, бизнес-жаттықтырушыдан тәлім үйренді.

«*Студенттік шағымда өз ісімді ашуды әрқашан ойлайтынмын. Соңғы екі жыл бойы балалар ойыншықтары мен кілемшелер шығару ойымен өмір сүрдім. Осы бағытты қарап, нарықты талдап, сұраныс көлемін зерттедім. Еліміз бойынша және біздің облыста шығарғым келген бұйымдар болмады. Бағдарламашының дағдылары да идеяны жүзеге асыруға көмектесті*», – дейді жас кәсіпкер.

Оқудан кейін ол өзінің бизнес-жоспарын қорғап, сол жылы «Еңбек» бағдарламасы бойынша 505 мың теңге көлемінде грантқа қол жеткізді. 2020 жылы ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы 6 млн. теңгеге несие, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы бойынша 2 млн. теңге қайтарымсыз грант бұйырды.

Осы қаражатқа кәсіпкер Қапшағай қаласында дамытушы кілемшелер шығаратын цех ашты. Кескіш плоттер, түзу машина, тігін машинасы, кесте машинасы, принтер сынды қажетті жабдықтар сатып алып, екі тігінші мен бір бағдарламашыны жұмыспен қамтып отыр.

«*Осы жылдың ақпан айынан бастап біз дамытушы кілемшелер, жұмсақ ойыншықтар, кітаптар мен антистресс ойыншықтарын шығара бастадық. Ай сайын 50 бұйым шығаруды жоспарлап отырмыз. Біздің кілемшелер экологиялық таза материалдан жасалады. Ойын кілемшелері өте берік, құрамында улы бояу жоқ, гипоаллергенді және сәбилердің алғашқы күндерінен бастап қолдануға болады*», – деді Мереке.

Қазір кәсіпкер дамытушы кілемшелерді жаппай шығарумен айналысу үшін ірі тапсырыс берушілерді іздестіруде.

Ш. ХАМИТОВ.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ӘЛІПБИ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Елбасы мақаласында көтерілген латын әліпбиіне көшу мәселесі өте өзекті әрі орынды. Біз ендігі кезекте осы мақсатқа жету үшін не істеу керектігін ойлануымыз қажет. Себебі, латын жазуына көшеміз деп айта салу оңай, ал оны жүзеге асыру үшін үлкен шараларды қолға алуымыз қажет.

Ұсынылып жүрген латын әліпбиінің жобаларына қарайтын болсақ, ондағы дыбыстар санының әртүрлі екенін байқаймыз. Олар 29-42 аралығында. Осы жерде «қазақ тілінде қанша дыбыс бар?» деген заңды сұрақ туындайды. Сондықтан жобаларды талқылау, таңдау барысында, ең алдымен, қазақ тілінде қанша дыбыс бар екенін анықтап алған дұрыс. Бұл дыбыстардың санын анықтау үшін А. Байтұрсыновтың қазақтың дыбыстық жүйесіне қатысты пікірін негізге алғанымыз тиімді болады. Содан кейін ғана оларды белгілейтін әріптерді қарастыру тиімді болады. Жалпы, әліпби қарапайым халықтың тез меңгеруіне, тіл үйренушілерге, соның ішінде баланың жас ерекшелігіне қарай жасалған жөн. Осы орайда әліпбиді түзеуге педагог мамандардың қатыстырылуын ескерген дұрыс. Ең біріншіден, мектепке дейінгі мекемелерде, мектептерде, жалпы оқу үрдісінде латын әріптерін жазуды үйрететін пән ашылуы керек деп ойлаймын. Екіншіден, қазіргі қазақ-орыс қойыртпақ әліпбиімізден төл дыбыстарымыздың басын аршып алуымыз керек: а, ә, б, д, ғ-г, е, ж, з, й, қ-к, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у(w), ұ, ү, ш, ы, і ; Үшіншіден, әліпби қазақ сөзінің үндесім әуезін бұзбайтындай болу керек деп ойлаймын. Осы екі мақсатқа лайық «төл дыбыс – төл әліпбидің» емле-ережесі дайындалса, жастарымыз латын әліпбиімен сауат ашып, жаһанданудың биік шыңын бағындырар еді.

Айдана САҒЫНГАНОВА,
№2 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

ҰСТАЗ МІНБЕРІ

БАСТАУЫШ – БІЛІМНІҢ БҰЛАҒЫ

Ұрпағының ертеңін ойлайтын әр мұғалім шәкіртінің білімді, сауатты болып өсуін қалайды. Ал білімге, өнерге, ғылымға апарар жол бастауыш сыныптан басталатыны анық.

«Білім негізі – бастауышта» деген қанатты сөзде шындық пен жауапкершілік жатыр. Бастауыш сыныпта білім негізі дұрыс қалану керек, тәлім-тәрбиелік ізгі қасиеттер бала бойына жақсы сіңірілуі тиіс. Жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш оқыту сатысының мұғалімдерінің алдында ең қиын және өте жауапты міндеттер жүктелген.

Оңы мен солын ажырата алмайтын жас балаға әріп таныту, сауатын ашу, тілін, ойын дамытуды оңай жұмыс деп айта алмаймын. Міне, осындай ең жауапты істі мүлтіксіз орындап жүрген бастауыш сынып мұғалімдерінің еңбегі ұшан-теңіз. Еліміздің ең тамаша алдыңғы жақтағы, ел үшін қызмет жасап жүрген азаматтары осы мұғалімдердің алдынан хат танып, тәлім-тәрбие алған. Себебі мұғалімдер өмірге жол сілтейтін бағдаршам тәрізді. Сондықтан қазіргі кезеңде мұғалімдердің адал да шынайы таза еңбектері жас ұрпаққа өте қажет.

Жалпы адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымның ұлттың мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен қоса жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады. Мектеп оқушыларының бәріне ортақ біркелкі мінез-құлықтың болуы мүмкін емес нәрсе. Әр бала өзінше жеке тұлға. Сондықтан әрбір жеке тұлғамен байланыс орнатып, оны қалыптастырып, тәрбиелеп жетілдіру қажет.

Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз – оның өзіне тән мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен дараланууы. Сол себепті бастауыш сынып оқушыларын рухани-адамгершілік және тұлғалық қасиеттер негізінде тәрбиелеуде оқыту арқылы тәрбие үрдісі маңызды орын алады. Ал сабақтағы және сабақтан тыс жүргізілетін тәбие жұмыстарындағы әдіс-тәсілдер мен іс-шараларды өткізу жолдары мұғалімнің шеберлігімен тікелей байланысты.

Надира АБИКЕНОВА,
№2 орта мектептің бастауыш
сынып мұғалімі.

МЕКТЕБІНДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ОНКҮНДІГІ ӨТТІ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ А. МАКАРЕНКО АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ ZOOM ПЛАТФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ ОНЛАЙН ФОРМАТТАҒЫ «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ: МАХАББАТ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ» АТТЫ ОНКҮНДІГІ ӨТТІ.

Онкүндіктің бірінші күні Д.Медетованың ұйымдастыруымен ашылу салтанаты өтіп, онда 1 мен 4 сынып оқушылары Сара Алпысқызына арналған тақпақ, өлеңдерін айтып, ол жайында жалпы мағлұмат беріп, викториналық сұрақтар қойды. Сондай-ақ, 1 мен 11 сыныптар арасында «5 құндылық», «Өзін - өзі тану – өмірді тану» тақырыптары бойынша газеттер бейне хитпарады ұйымдастырылды. Ал, мектеп кітапханасында Сара Алпысқызына арналған кітап көрмесі жасалып, онда оның өмірі мен шығармашылығына арналған мәліметтер, өзін - өзі тануға арналған тренинг кітаптар мен журналдар қойылып, оқушыларға бейнеролик арқылы көрсетілді.

Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында Д. Медетова «Жүректен жүрекке» атты тақырыпта сурет көрмесін ұйымдастырып, қатысқан оқушыларға алғыс білдірді. Ал, Р.Сурукованың ұйымдастыруымен өткен оқушылардың шығармашылық жұмыстары жоғары деңгейде өтті.

Өзін-өзі тану пәні мұғалімдері, атап айтқанда, Ж.Тулепбергеновaның «Человек в коллективе», Л. Барабашованың «Мир человеческих взаимоотношений», Б.Сенкееваның «Батылдық пен табандылық», Ш.Тағаеваның «Кешіре білейік», Л. Кусаинованың «Адам жанының сұлулығы», Б.Тажиеваның «Достаса жүрейік», Ж.Омарбекованың «Мен және қоршаған әлем», Г.Манасбекованың «Өз еліңнің патриоты болу», Ж.Бедельбаеваның «Ар-ұждан ғылымы» атты ашық сабақтар, оқушыларға қоршаған әлем, салауатты өмір салтын ұстану, ар-ұждан, батылдық пен табандылық, кешірім, денсаулық – зор байлық екенін түсіндіріп, достықты, жолдастықты, сыныптағы қарым-қатынасты нығайтуды үйрету арқылы балалар жүрегіне жылылық нұрын ұялатты.

Онкүндіктің әр күні ерекше өтті. Адамгершілік құндылықтың негізінде өзара түсіністік пен үйлесімділікте өткізілген онкүндік қатысушылардың жүрегіне өшпес із қалдырды деуге болады.

Ж. БЕДЕЛЬБАЕВА,
бастауыш сынып мұғалімі.

КІТАПХАНАДАҒЫ ШАРА

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Елімізде латын әліпбиіне көшу мәселесі соңғы жиырма жылда көтеріліп, соның он жылында қызу талқыланып келетін тақырыптардың бірі екендігі бәрімізге белгілі. «Латын әрпіне көшу – қазақ тілін дамыту мен жаңғыртудағы ішкі қажеттілік» – деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзін бәріміз де санамызбен түсініп, оның шынында да, қазіргі қоғамға тигізер ықпалы туралы ойлануымыз керектігі де түсінікті.

Өтенай ауылдық №5 кітапхана филиалы ғимаратында «Латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғыру талабы» атты тақырыпта №21 мектептің 9-сынып оқушыларымен офлайн түрінде шара өткізілді.

Шара мақсаты – латын әліпбиіне көшу заман талабынан туындап отырған қажеттілік екенін және латын әліпбиіне көшудің маңыздылығын оқушыларға түсіндіріп, жан-жақты мағлұмат беру, қоғамдық пікір қалыптастыру болып табылады.

Шара аясында оқушылармен қоғамдағы ең өзекті бастамаларының бірі – қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі туралы сөз болды. Әңгіме өзегінде қазақ тілінің жаңа әліпбиі – лингвистер арасында қызу пікірталасқа толы болып, ең соңында латын әліпбиінің соңғы жаңа үлгісі тағайындалғаны жайлы айтылды.

Айта кетейік, жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшу 2023 жылдан бастап 2031 жыл аралығында жоспарлануда.

Г. СЕЙЛХАНОВА,
Өтенай ауылдық №5 кітапхана
филиалының кітапханашысы.

ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ

Поэзия әлемінде

Талдықорған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты 3-ші бөлімшедегі №7 кітапхана филиалының ұйымдастыруымен қашықтан онлайн түрінде түрлі мәдени іс-шаралар өткізіліп тұрады.

Жуырда «Туған жерге тағзым жобасы» аясында көптеген өлең-жырдың авторы Амандос Елтайұлымен «Поэзия әлемінде» атты онлайн кездесу өтті.

Шара барысында ақынның жарық көрген кітаптарына шолу жасалды, оқырмандар жаңадан жазылған жырлармен сусындады.

Кеш соңында «Амандос және Мен», «Бір адам үшін» атты жыр жинақтарының авторы оқырмандар тарапынан қойылған саулдарға жауап беріп, алғысын білдірді. Сонымен бірге алдағы уақытта да қалам қарымын халықтың рухани қажетін өтей беруге жұмсайтындығын айтты.

Амандос Елтайұлы 1988 жылдың 3-маусымында Алматы облысы, Кербұлақ ауданына қарасты Нұрым ауылында дүниеге келген. Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының «кинотеледраматургия» мамандығы бойынша білім алған.

Күміс ТАБЫЛДИНОВА,
№7 кітапхана филиалының кітапханашысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАСЕДАНИЕ

АТСАЛИМ ИДИГОВ: «ГЛАВНОЕ СЕЙЧАС - ДОНОСИТЬ ДОСТОВЕРНУЮ ИНФОРМАЦИЮ»

Талдыкоргане прошло заседание Клуба ведущих журналистов при Ассамблее народа Казахстана Алматинской области. В нем приняли участие члены клуба и представители телеканал ,а также городских и районных газет.

В Алматинской области с первых дней клуб возглавляет Атсалим Саламович Идигов – опытный журналист, руководитель. На первом заседании 2021-го года были затронуты важные вопросы современной журналистики.

Сейчас СМИ оказывает большое влияние на жизнь общества в целом, на социально-психологический и нравственный облик каждого из членов этого общества, потому что любая новая информация, поступающая по каналам СМИ, соответствующе несет в себе многократно повторяемые политические ориентации и ценностные установки, которые закрепляются в сознании людей.

В период мировой пандемии посещаемость онлайн-медиа (вне зависимости от специфики) растет бешеными темпами. Это изменило отрасль. Так, в эпоху коронавирусной постправды неотъемлемой частью медиапотребления.

«Поскольку сложилась довольно не простая ситуация, когда вся общественность находиться в напряжении, в состоянии тревоги за себя и своих близких журналисты должны это учитывать. Сейчас в различных СМИ довольно много негатива, но не так много новостей о том,что даже в такие непростые времена есть люди,которые готовы помочь другим, волонтеры и т.д. Журналисты должны быть ориентированы и на позитивные новости, найти золотую середину и самое главное доносить до общества достоверную информацию», – говорит Атсалим Идигов.

Одним из наиболее важных вопросов поднятых в ходе заседания былнаучно-просветительский проект «Қазақ тану» и его поддержка средствами массовой информации.

«Қазақ тану» можно переводить и осмысливать по-разному, но лично я его перевожу и интерпретирую как «Постичь народ». Я считаю что данная программа прежде всего должна быть ориентирована на представителей других национальностей, проживающих в Казахстане. Очень важно рассказывать о традициях, духовном наследии казахов,а также большое внимание уделять уникальности казахского языка.» – рассказывает председатель.

На диалоговой площадке были подняты вопросы коррупции и способы борьбы с ней, а также в завершение заседание Клуба ведущих журналистов были высказаны мнение участников предложение по поводу проведения следующих собраний.

Карина ПФАЙФЕР

ОБРАЗОВАНИЕ

СРЕЗ ЗНАНИЙ СРЕДИ СТУДЕНТОВ

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОМИТЕТА ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ МОН РК ГУЛЗАТ КОБЕНОВА НА ВСТРЕЧЕ С РУКОВОДИТЕЛЯМИ КАЗАХСТАНСКИХ ВУЗОВ РАССКАЗАЛА, ЧТО ПЛАНИРУЕТСЯ СДЕЛАТЬ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ.

По словам Кобеновой, вышел совместный приказ МОН и МНЭ, в соответствии с которым среди учащихся теперь будет проводиться срез знаний. Направлен он будет на повышение качества образования в стране.

"Вы все жаловались, что старый проверочный лист состоит из множества пунктов. Теперь проверочный лист состоит не из 105 пунктов, как ранее, а из 46. Контроль будет осуществляться не только на соблюдение норм законодательства, но и на качество обучения. В этой связи будет проводиться срез знаний студентов, а также опрос обучающихся, профессорско-преподавательского состава и работодателей. Их результаты позволят сделать выводы о качестве обучения и уровне удовлетворенности качеством организации и проведения образовательного процесса в вузе", - сообщила она.

Между тем профилактический контроль будет проводиться в соответствии с Предпринимательским кодексом. Источником определения степени оценки риска являются данные информационных систем, которые заполняют сами вузы.

СОБ.КОРР.

НОВОСТИ

ВОДИТЕЛЕЙ БЕЗ ДОКУМЕНТОВ БУДУТ ЗАДЕРЖИВАТЬ

С 13 ФЕВРАЛЯ 2021 ГОДА КАЗАХСТАНЦАМ РАЗРЕШИЛИ ЕЗДИТЬ БЕЗ ПРАВ И ТЕХПАСПОРТА, ЕСЛИ У НИХ В КАРМАНЕ БУДЕТ ДОКУМЕНТ, УДОСТОВЕРЯЮЩИЙ ЛИЧНОСТЬ. В МВД РК РАССКАЗАЛИ, ЧТО ГРОЗИТ ГРАЖДАНАМ, СЕВШИМ ЗА РУЛЬ БЕЗ ЕДИНОГО ДОКУМЕНТА.

На официальный запрос издания полицейские ответили, что "согласно части 1 статьи 612 КоАП РК за управление транспортным средством без документов на водителя налагается административная ответственность в виде предупреждения (если указанное правонарушение совершено впервые) либо штраф в размере 5 МРП. Вместе с тем сотрудники ОВД осуществляют административное задержание и доставление транспортного средства на штрафстоянку, если невозможно идентифицировать личность водителя, в том числе в случае, когда он называет неверные паспортные данные либо не сообщает их вообще".

В каких именно случаях и каким образом полицейские будут идентифицировать личность водителя без документов, в МВД не уточнили. При этом в статье 785 КоАП РК прописано, что для установления личности нарушителя можно задерживать. Согласно статье 789, не более чем на три часа. Наконец, статья 797 Адмкодекса устанавливает, что полицейские вправе задерживать и отправлять на штрафстоянку автомобили, водители которых сели за руль без документов.

Таким образом, езда без документа, который бы подтвердил личность, может закончиться для казахстанских водителей парой часов в отделении, а после еще и беготней с вызволением авто со штрафстоянки.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ЗАЩИЩАТЬ ПРАВА ЧЕЛОВЕКА ПО ВСЕМУ МИРУ

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА – МИНИСТР ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ МУХТАРТЛЕУБЕРДИ ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В ОНЛАЙН-ЗАСЕДАНИИ СЕГМЕНТА ВЫСОКОГО УРОВНЯ 46-Й СЕССИИ СОВЕТА ООН ПО ПРАВАМ ЧЕЛОВЕКА (СПЧ ООН), ПРОХОДЯЩЕЙ В ЖЕНЕВЕ, ПЕРЕДАЕТ ГАЗЕТА «АЛАТАУ» ССЫЛКОЙ НА СООБЩЕНИЕ МИД.

В мероприятии участвовали Верховный комиссар ООН по правам человека Мишель Бачелет, главы правительств и министры из более 150 стран, а также представители международных организаций.

В своем выступлении глава внешнеполитического ведомства Казахстана проинформировал участников об успешном опыте реализации пакета политических реформ, инициированных президентом Касым-Жомартом Токаевым в части защиты прав человека, построения демократического общества и внедрения концепции «слышащего государства».

Среди актуальных достижений, в частности, отмечалось принятие нового закона о мирных собраниях, декриминализация клеветы, гуманизация отдельных статей уголовного кодекса, внедрение 30%-ной избирательной квоты для женщин и молодежи, а также присоединение Казахстана ко Второму факультативному протоколу об отмене смертной казни.

«Тлеуберди подтвердил приверженность Казахстана вносить посильный вклад в коллективные глобальные усилия по укреплению мира, согласия и обеспечению фундаментальных прав человека. ***В этой связи он озвучил заявку нашей страны на членство в СПЧ ООН на период 2022-2024 годы и выразил надежду на ее поддержку международным сообществом»***, - отмечается в сообщении.

Совет по правам человека — межправительственный орган системы ООН, в состав которого входят более 40 государств, ответственных за поощрение и защиту всех прав человека по всему миру. Он был создан в 2006 году. Резолюция о создании СПЧ ООН гласит, что «члены Совета должны поддерживать самые высокие стандарты в области поощрения и защиты прав человека».

СОБ.КОРР.

● МИРОВЫЕ НОВОСТИ

ДЖО БАЙДЕН: "АМЕРИКА ВЕРНУЛАСЬ!"

Президент США Джо Байден в пятницу выступил с речью на Мюнхенской конференции по безопасности, передает газета «Алатау » со ссылкой на «Голос Америки».

В частности, Байден заявил о «переломном моменте», который сейчас наступил в мировой борьбе между демократией и автократией.

«В слишком многих странах, в том числе в Европе и США, демократические процессы находятся под угрозой... Историки изучат этот момент и напишут о нем. Это переломный момент. И я всем сердцем верю, что демократия должна восторжествовать», - сказал он.Глава Белого дома заявил о возвращении Америки на мировую арену и назвал сотрудничество с европейскими партнерами «краеугольным камнем».

«Я говорю всем: Америка вернулась! Трансатлантический союз вернулся, и мы не будем оглядываться назад», - сказал Байден. Президент США отметил, что крупнейшие демократии с рыночной экономикой должны работать вместе над решением проблем, которые создают другие крупные страны, такие как Россия и Китай, а также решать многочисленные глобальные проблемы, начиная с нераспространения ядерного оружия и заканчивая изменениями климата и кибербезопасностью.

Так, Байден подчеркнул, что Россия, по его мнению, «злонамеренно» и целенаправленно предпринимала действия для дестабилизации обстановки в США, Европе и других странах. Он призвал союзников поддержать Вашингтон. Что касается Китая, второй по величине экономики в мире, Байден призвал демократические государства работать вместе, чтобы противодействовать политике китайского правительства, которую он охарактеризовал как «противоречащую нашим ценностям».

«Соперничество с Китаем будет жестким, но это то, чего я ожидаю и что я приветствую», - сказал президент США.

По словам Байдена, российский президент Владимир Путин стремится ослабить европейский альянс, и подчеркнул свою неизменную поддержку территориальной целостности Украины.

«Российские лидеры хотят, чтобы люди думали, что наша система более коррумпирована или столь же коррумпирована в сравнении с (Россией). Но мир знает, что это неправда, в том числе знают об этом и граждане России. Путин... хочет подорвать трансатлантическое единство и нашу решимость. Потому что Кремлю намного проще запугивать... отдельные государства, чем вести переговоры с сильным и сплоченным трансатлантическим сообществом», - заявил он.В связи с этим, по словам Байдена, «отстаивание суверенитета и территориальной целостности Украины остается жизненно важной проблемой для Европы и США». Кроме того, борьба с «безрассудством России» и кибератаками на компьютерные сети в США, Европе и по всему миру «стала критически важной для защиты нашей коллективной безопасности». Американский лидер добавил, что «проблемы, связанные с Россией, могут отличаться от проблем с Китаем, но они столь же реальны».

«ALATAU-AQPARAT»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘСЕЛЕ

АГРОӨНЕРКӘСІПТЕ МАМАН ТАПШЫ

«Ауыл» партиясының Төрағасы, сенатор Әли Бектаев аграрлық секторда маман тапшылығы мәселесін талай мәрте мінберлерде көтеріп, билікке жеткізген болатын. Төрағаның айтуынша, ауылшаруашылығы саласындағы кадрлардың орта жасы 50-ден асса, ал мал дәрігерлері 58-60 жас аралығын құрайды. Әлемдік экономика шатқаяқтап, мұнай мен теңге құнсызданып тұрған шақта COVID-19 індетінің салдары азық-түлік дағдарысын туғызбауы үшін Қазақстанға жаңа аграрлық саясат қажет. Дәл осы түйткілді мәселе төңірегінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа жолдаған хатында аграрлы сала маманы, экономист Атамұрат Шәменов ауылшаруашылығы күні бүгінге дейін ұлттық экономиканың қозғаушы күшіне айнала алмағандығын жеткізген.

Экономистің пікірінше, жаңа аграрлық саясат ауыл шаруашылығы саласын дамытудың «бархат революциясы» болады. Өйткені аграрлық салада қазір атқарылып жатқан жұмыстарды бұзбай, бағытын ғана өзгертеді. *«Бірінші кезекте азық-түлікпен ішкі сұраныс қамтамасыз етіледі. Бұл әлемдік дағдарыс кезінде ел экономикасын тығырықтан шығарудың тура жолы болады»*, – деді А. Шәменов. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету аграрлы салаға тиесілі міндет болса, аграрлы сектордың ел экономикасы мен әлеуетіне де айтарлықтай үлесі зор. Облыс әкімінің өзі А. Баталов «Облыс экономикасының драйвері – агроөнеркәсіп кешені» деген болатын. Өңір басшысы тұрғындар алдындағы есепті жиында «Ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі Алматы облысында бір трлн. теңгеге, бір адамға шаққандағы еңбек өнімділігі 2,8 млн. теңгеге жетеді», - деп мақтанышпен жеткізді. Сондай-ақ, Алматы облысы құс еті мен жұмыртқа өндіруде көшбасшылар қатарында екендігін, құс етін экспорттау соңғы үш жылда 2 есе өскендігін атап өтті.

Десе де, жыл сайынғы қар астында қалатын қант қызылшасы мен жүгері, соя сынды дақылдардың шығыны шаш етектен. Шаруалардың айтуынша арнайы несиемен алынатын жаңа техникаға қойылатын кепілдеменің құны техника бағасына жетпейді. Республика көлеміндегі ауыл шаруашылығы өндірісінің кең ауқымда дамыту мүмкін болмай тұрғандығының себебі де осы. Аграрлы саланы жетілдіруге арналған банк несиелеріне қол жеткізу күрделі мәселеге айналды. Осылайша еліміздегі ауыл шаруашылығына несие және инвестиция тартумен қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті тақырыбы.Әлемнің дамыған елдерінің аграрлық секторына жаңа технологиялар жиі енгізілуде. Бізде техника мен технология тапшы, жол қатынасы да нашар. Бүгінгінің басты құралдарының бірі интернет те ауылға дұрыс барып тұрған жоқ. Міне, осы көп жетіспеушіліктің арасында ауыл шаруашылығының алғы шебінде нақты еңбекпен шұғылданып отырған адамдарда заманауи ғылым мен білім жетіспеушілігі уақыт өткен сайын байқалып келеді.

Отандық аграрлы сектор саласын әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік мол. Соны ескерсек, бұл салада бағы темірге байланған техниканың ғана емес, озық интеллект иесі адам ресурсының, соның ішінде жас мамандардың күші де керек-ақ. Жыл сайын орта есеппен 5000-ға жуық түлек аталған мамандықты игергенімен, оның жартысы өз мамандығына сай келмейтін жұмыстарда жүр. Кейбірі тіпті жұмыссыз.«Аграрлық жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің 40%-ға жуығы қалалықтар, ал 70%-дан астамы қыз балалар. Қала балалары мен қыздардың мәртебесін төмендеткіміз келмейді. Бірақ ертең олардың басым бөлігі егіс алқаптарында жүріп егін егуге, қорада жүріп мал баптауға бармайтыны айдан анық» дейді Әли Бектаев. Қазақстан халқының басым бөлігінің әлеуметтік жағдайы ауыл аймақтарымен тығыз байланыста екені баршамызға мәлім. Солай бола тұра, қалалық жастарды айтпағанда, ауылда туып-өскен мамандардың өзі аграрлы салаға бет бұруға ынтасыз. Сондай-ақ, депутат ауылдық өңірлердегі мамандардың жалақысы мәз емес екендігін және әлеуметтік проблемалары көп екенін де атап өткен болатын. Осы сауал төңірегінде Алматы облыстық ауылшаруашылығы басқармасына хабарласып, әкімшілік бөлімінің басшысы Күлімхан Шәкенқызымен тілдескен болатынбыз:

– *Кадр тапшылығы мәселесі байқалады. Әсіресе, агроном мен зоотехникке үлкен сұраныс туындап отыр. Ауылшаруашылығы саласын мықты меңгерген заңгерді де таба алмай отырғанымызға 2 ай болды. Қазірде жұмыс атқарып жүрген мамандардың жасы ұлғайды, алды зейнет демалысына кетті. 30-40 жас аралығында конкурсқа келетін үміткерлердің көбінің мамандығы – қаржыгер, экономист. Бізге олар жарамайды. Ауылшаруашылығы саласында білім алу бойынша грант бөлінісі де дұрыс жолға қойылмаған. Грант Білім және ғылым министрлігі тарапынан емес, Ауылшаруашылығы министрлігінінен тағайындалса дейміз. Себебі министрлік қай өңірде қандай маман тапшы екенін жақсы біледі. Басқармада су шаруашылығы, мал, егін, тұқым шаруашылығы сынды бөлімдер бар. Осы секілді қызметтерге де кадр тапшылығы байқалып қалады*,– дейді.

Бүгінгі таңда ауыл жастарының әлемдік деңгейде алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарына кем тартылуы мәселеге айналды. Осы орайда үздік жобалардың бірі ретінде Елбасының тікелей бастамасымен іске асқан «Болашақ» бағдарламасын атауға болады. Бағдарлама аясында 25 жылдың көлемінде 10400-ден астам жастар шетелдегі озық университеттерді тәмамдап, түрлі салаларда қызмет жасауда. Әрине, бұл мемлекетіміздің алтын қоры, болашағы және үлкен жетістігі екендігіне шүбә келтірмейміз. Алайда, «болашақтықтардың» 21%-ы ғана ауыл балалары. Ал ауылшаруашылығы мамандықтары бойынша 102 түлек қана оқу бітірген, соның 16 стипендианты бүгінгі таңда білім алуда. Агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша заңнамаға тиісті өзгерістер енгізілген. Осыған сәйкес аграрлық сала бойынша грантпен оқитын түлектер бұдан былай меншік нысанына қарамастан, ауылдық жерлерде орналасқан аграрлық мекемелерде кемінде 3 жыл жұмыс істеуі тиіс. Жұмыс істеу өңірін анықтау бойынша шектеулер жойылған.

«Ауыл жастарын мал шаруашылығына тарту қиындап кетті. Сондықтан жайлымдық мал шаруашылығы мен мал бордақылау кешендеріне жастарды жұмылдыру үшін бригадалық формалар мен вахталық қызмет түрлерін енгізген дұрыс», – дейді экономист. А. Шәменовтың айтуынша, бос жатқан жерлерді айналымға енгізіп, ауыл шаруашылығы кооперациясын құруға ерекше назар аудару қажет. Бұл жөнінде «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру» КеАҚ басшысы Төлеутай Рахымбеков те басты проблема – өндіріске ғылыми-зерттеулер нәтижелерін ілгерілетуге ықпал ететін инфрақұрылымның, инновациялық жүйенің тиісті деңгейде болмауы екендігін атап айтқан еді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мынау: аграрлық сектор қарқынды дамуы үшін әлемдегі озық білімді меңгерген жастар бұл салада жұмыс істеуі керек. Тура мағынасында да, жанама мағынасында да «Екі қолға бір күрек ұстар» сәт туды.

Д. БЕРЕКЕТ.

МЕДИЦИНА

ВАКЦИНАЦИЯЛАУДЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

ЕЛІМІЗДЕ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЕКПЕ САЛУДЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ.

Талдықорған қаласындағы № 1 емханада облыстық аурухана директоры Анарбек Монголхан, инфекция бөлімшесінің меңгерушісі Сая Қанатқызы бастаған медицина мамандары араға үш апта салып қайта «Спутник V» вакцинасын ектірді. Бас дәрігердің айтуынша, екінші рет екпе салғанда алдыңғы вакцинаның әсері күшейеді. Әрі ағзаның иммунитеті артады.Еске сала кетейік, вакцинациялау басталған 1 ақпаннан бері облысымызда 920 адам екпе салдырды.

* * *

Коронавирустық инфекцияға қарсы екпе егу қатарынан Алматы облысының бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де шет қалмағандығын айтқан едік. Алғашқылардың бірі болып екпе алған облыстық «Огни Алатау» газетінің журналисі Жанар Мықтыбаева да вакцинаның екінші компонентін алды.

Әріптесіміздің сөзінше, екпе алған алғашқы күнде ешқандай кері әсер болмаған. *«Ағзада ешқандай өзгеріс байқалған жоқ. Бәрі жеңіл өтті. Вакцинаның екінші компонентін қабылдадым. Бұл жолы да жағдайым қалыпты»,* – дейді ол.

«Jetisy Media» ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында белгілі болғанындай, Жетісу өңірінде 22 ақпаннан басталған екпе егудің екінші кезеңіндегі екі күн ішінде «Спутник V» вакцинасы 124 адамға салынған.

С. ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТІЛСІЗ ЖАУ

АТАМДАТСАҢ АТАМДАТ, БОТАМДАТПА

ЕКІ КҮННІҢ БІРІНДЕ ЕСТИТІНІҢ СУЫҚ ХАБАР. ӘЛЕМДІ ЖАУЛАП, АДАМЗАТ БАЛАСЫН БАУДАЙ ТҮСІРГЕН ТАЖАЛМЕН АРПАЛЫСЫП ЖҮРГЕНДЕ ҚАЗАҚСТАНДА ТАҒЫ ДА БЕС БАЛА АЖАЛ ҚҰШТЫ. ОСЫДАН ЕКІ ЖЫЛҒА ЖЕТЕР-ЖЕТПЕС УАҚЫТТА НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА ПӘТЕР ЖАЛДАП ЖҮРГЕН ЖАЛДАМАЛЫЛАР АЙМЕН МЕН КҮННІҢ АМАНЫНДА БЕС БАЛАСЫНАН АЙЫРЫЛЫП ҚАЛҒАН-ДЫ. СЕБЕП: ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕРДЕ БОЛҒАН ӨРТТІҢ САЛДАРЫ. АТА-АНАЛАРЫ ЖҰМЫСТА ЖҮРГЕНДЕ БЕС БІРДЕЙ ЖӨСӨСПІРІМ ӨРТЕНІП КЕТТІ. ЕНДІ МІНЕ, ТАҒЫ ДА ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАҢАТАС ҚАЛАСЫНДА КӨПҚАБАТТЫ ПӘТЕРДЕ ТҰРЫП ЖАТҚАН ОТБАСЫНЫҢ БЕС БАЛАСЫ ТІЛСІЗ ЖАУДЫҢ ӨРШУІНЕН ӨМІРЛЕРІ ҚИЫЛДЫ. АУЫР ҚАЙҒЫ... ҚАБЫРҒАҢ ҚАЙЫСАДЫ. ОРНЫ ТОЛМАС ӨКІНІШ. БАУЫР ЕТІ БАЛАЛАРЫНАН АЙЫРЫЛҒАН АТА-АНА ҮШІН БҰДАН АСҚАН ҚАСІРЕТ БАР МА?

Нұр-Сұлтан қаласында болған өрттен кейін Қазақстанда аналар көтерілісі басталды. Үкіметке ашы айғайларын табандап тұрып жеткізген аналар әлеуметтік саланың нашарлығынан үйсіз-күйсіз, балашаға асырау қамымен пәтерден пәтерге көшіп жүрген жанұялардың ахуалын айтып, айғайға басқан-ды. Жергілікті жерлерде пәтер кезегінде тұрған әлеуметтік аз қамтылғандар, көпбалалы аналар, пәтер кезегінің

жылжымайтынын айтып ашынған. Көшіп-қонудан шаршағандар саяжайлар мен «құрқылтайдың ұясындай» бір бөлмеде жеті-сегіз жанның тұрып жатқандарын жеткізіп, әкімқараларға барса, «Баланы біз үшін тудың ба? Баға алмайтының бар, неге табасың? Біздің берер пәтеріміз жоқ!», – деп босағаларынан сығалатпайды. «Міне, осының салдары қараусыз қалған балалардың беймезгіл отқа орануына себеп болды» деп даурыққан әйелдердің көтерілісінен кейін сең қозғалып, көпбалалы аналар мен әлеуметтік аз қамтылған жанұялар үшін арнайы бағдарламалар қабылдана бастады. Үйсіз-күйсіз жүргендер тізімге алынып, жергілікті билік те кәсіпкерлерді жұмылдырды. Мұның сыртында, арнайы қайырымдылық қорлар құрылып, талай отбасы баспаналы болды. Әлі де берілуде.

Мәселе, баспанасыз жүргендердің балалары ғана отқа оранып жатқан жоқ. Жамбыл облысындағы оқиға бұған дәлел. Баспана өртке оранғанда, әкелері жұмыста болып, аналары дүкенге кеткенде болған төтенше оқиға. Екі оқиғаның да себеп-салдарына зер салып көрелік. Нұр-Сұлтанда болған өрт оқиғасы электр жүйесінің тұйықталуынан болды деген қорытынды жасаған арнайы комиссия. Ал, күні кеше ғана болған Жаңатастағы өрттің салдары «Тез тұтанғыш метериалдың бетіне ашық от көзінің түсу салдарынан туындаған» деген хабарлама таратты облыс әкімдігінің баспасөзі. Ал, Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Ермек Момбаев өрт-техникалық зертханасының алдынала зерттеу мәліметтерін жариялады. «Өрт бес қабатты тұрғын үйдің үшінші қабатындағы үш бөлмелі пәтерде болған. От балалар бөлмесінде тұтанған. Жалын 16 шаршы метр аумақты қамтыды. Жылжымалы өрт-техникалық зертханасы зерттеу жүргізу кезінде оқиға орнында жанған сымдар мен электр жабдықтары, пеш немесе басқа да қосымша жылыту құралдары табылмады. Үй орталық жылытуға қосылған», - дейді. Сонда тез тұтанғыш материалдың бетіне ашық от қайдан түсті? Әлде, тағы да электр желілерінің тұйықталуынан жалын шарпып материалдың бетіне түсті ме екен? Түрлі ойларға жетелейтін сауалдың түйінін арнайы құрылған комиссия анықтай жатар. Қалай болғанда бес бірдей бүлдіршінді құтқарып қалу ешкімнің қолынан келмеді. Қас пен көздің арасында болған өртті көршілері байқап, анасына хабарлаған. Бұл үлкен трагедия. Қою түтінге оранған пәтерге кіру де оңай болмаған. Көршілер құтқарушылар келгенше өздері әрекет етіп төрт баланы шығарып, өз көліктерімен ауруханаға жеткізген. Бесінші баланың денесі пәтерден табылған. Тіпті қалай айтарыңды да, жазарыңды да білмейсің. Бес бірдей, 2015, 2016, 2017, 2019 және 2020 жылдары туған балалар, 2 ұл мен 3 қыз бақилық болды. Бұл ауыр қайғыны, қасіретті ата-анасы көтере ала ма?.. Ата-анасына басу айтып, психологиялық көмек көрсетілгенімен, олардың жанжарасын кім жазады? Декреттік демалыста отырып, қам-қарекет қамымен дүкенге шығып кеткен анасы енді өмір бойы өзін-өзі жазғырумен өтетін болды-ау!

Осындай тағы бір оқиға Қызылорда облысында орын алды. Бес қызы бар отбасы «времянкада» тұрған. Уақытша тұрған баспана өртенген. Балалардың әкесі вахталық жұмысқа кеткен. Абырой болғанда балалардың қасында анасы болып, терезені сындырып төрт баласын өзі құтқарып, бесікте жатқан сәбиін құтқармақ болғанда үйдің төбесі құлаған. Құтқарушылар келгенде баспана түгелдей жанып кеткен. Тағы да бала өлімі. Өрттің неден шығуын сараптама қорытындысы 10 күн ішінде анықтайды дейді. Болжам электр жүйесінің тұйықталуы немесе балалардың отпен ойнауы мүмкін-мыс. Көз жұмған сәби 2020 жылы дүниеге келген. Небәрі 27 жастағы балалардың анасы балапандарын құтқарам деп көмір қышқыл газына уланып, сол жақ білегі мен екі алақанын күйік шалса, балалары да көмірқышқыл газымен орташа дәрежеде уланып, медициналық көмектер көрсетілген. Міне, үш тағдыр, үш бірдей қайғы жұтқан отбасының трагедиясы. Мақала басында айтылғандай, бұл отбасы пәтер жалдап тұрған. Талай мәрте әкімдікке жүгінгендерін, бес баласы да жалдамалы пәтерлерде дүниеге келгенін айтып, ананың көкірегі қайғыдан қарс айырылады. Сарапшылардың айтуынша, 2019 жылдан бері Қазақстанда қарсылық акциялары жиілеп кеткенін, оның бастауы көпбалалы әйелдер наразылығынан басталғанын айтады. Жаңатастағы оқиғаны айтып ауыз жиғанша Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар қаласында көпқабатты жатақхана қызыл жалынға оранды. Онда 10 адам жарақат алып, екі адам қайтыс болды. Тағы да адам шығыны.

Тілсіз жаумен күресуді тек қана жергілікті билік пен Төтенше жағдай департаментінің мойнына ғана жүктеп қоймай, ата-аналар мен жеке тұрғын үйлерде және көпқабатты баспаналарда тұратындар да сақтық шараларына аса мұқият болғаны абзал. Әсіресе, балалардың отпен ойнауы, электр жүйелері мен газ баллондарына аса сақ болмаса, оның арты орны толмас өкініштерге алып келуде. Мәселен, Алматы облысының Талғар ауданы Жаңа қуат ауылында таунхаус үлгісіндегі тұрғын үйдің шатыры өртенген. Көлемі 60 х12 жалпы көлемі 720 шаршы 18 пәтерлі тұрғын үйден 4 баланы, құтқарушылар қауіпсіз жерге эвакуациялаған. Құдай сақтап, қаза болғандар мен зардап шеккендер жоқ. Өрттің шығу себебі электр сымдарының қысқа тұйықталуынан болыпты. Бұл құрылыс саласындағы сапасыздықтардың көрінісі емей немене? Тендер ұтып алғандар сапасыз баспана салып, олардың коммуналдық жүйелеріне атүсті қарауы, сапасыз жұмысты көзді жұмып қабылдап алып, тұрғындар орналасқаннан кейін былық пен шылық әшкереленіп жатады. Жергілікті биліктегілер құрылысты жүргізген фирмаларға кемшілікті жоюды тапсырып жатады. Оның бір саласы электр жүйесіне келіп тірелуде. Екі күннің бірінде көпқабатты жаңа үйге кіргендер көгілдір экран арқылы баспаналарының сапасыз салынғанын айтып, ақпарат құралдарына шағымдануда. Одан бөлек тозы жеткен ескі үйлер мен жатақханаларда тұрып жатқандардың мұң-зарын еститін құлақ та некен саяқ болып тұр. Бұл жерде тұрғын үй кооперативтерінің де жауапкершілігі бар. Бірді айтып бірге кеткендей болмайық, өрт қауіпсіздігі Алматы облысында да көңіл алаңдатады. Өткен жылы желтоқсан айының 31 күні Іле ауданы Қарой ауылындағы бес шақырым жерде шаруа қожалығының үйі өртеніп, 1977 жылғы анасы мен 2007, 2012 жылғы балалар бақилық болған. Бұл оқиғаның да себебі ішкі электрмен жабдықтау желілерінің қысқа тұйықталуынан болған. Биылғы жылдың қаңтар айында Талдықорған қаласындағы «Мүшел той» шағын ауданындағы 28-үй өртенген. Құтқарушылар 1981, 1984 жылғы ер мен әйелді және 2015,

2019 жылғы балаларды құтқарып қалған. Төтенше жағдайлар берген мәлімет бойынша өрттен 15 адам, оның ішінде 8 баланы тілсіз жаудан құтқарса, 35 адам өз беттерінше өрттен оқшауланған. Өрттің басты себебі шылым шегу кезіндегі отты абайсыз қолданғаннан болыпты. Бұл да адамдардың өрт қауіпсіздігіне салғырт қарауы, төсекте жатып шылым шегуі, ішімдік ішуінен, газ баллондарын ебедейсіз қолдануынан орны толмас өкініштер алып келетінін жадыларынан шығармауы тиіс.

Бұл бағытта Төтенше жағдайлар департаменті «Өрт профилактикасының бірыңғай сағаты» атты облыстық акциясын іске қосты. Онда 2020-2021 жылдары жылыту кезеңінде өрттерді, өрттерден адамдардың қаза болуы мен жарақаттану жағдайларын, адамдардың улы газбен улануын алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізіп келеді. Күн сайын электр-тұрмыстық техника сатумен және сауда үйлеріндегі сатушылармен ірі ойын-сауық орталықтарында өрт қауіпсіздігіне байланысты үгіт-насихаттар мен әлеуметтік бейне роликтер көрсетілуде. Алайда, жеке тұрғындар мен көп қабатты пәтерлерде тұратын, сауда ғимараттарында кәсібін дөгелетіп отырғандар бұдан қаншалықты тәлім алуда. Құдай да сақтанғанды сақтайды ғой. Жаныңа бататыны өртенген періштелер, өзекті өртейтін өкініш. Жалпы Алматы облысы бойынша 2019 жылы 1314 өрт оқиғасы тіркеліп, 18 адам қайтыс болса, оның 3-еуі бала, 4-еуі мас күйінде ажал құшып, 17 адам жарақат алған. Ал, 2020 жылы 1161 өрт оқиғасынан 31 адам беймезгіл қайтыс болса, оның 10-ы кәмелеттік жасқа толмаған балалар болған. 5 адам жарақаттанған. 2021 жылдың тек қаңтар айында 90 өрт болып, 9 адам өліп, 4 адам құтқарылған.

Бес сәбидің қазасы бір отбасының ғана қайғысы емес, бүкіл қазақтың қайғысы. «Атамдатсаң атамдат, ботамдатпа» деп Тәңірден тілеу тілеген ел едік қой! Әсіресе, балаларға абай болайықшы, ағайын!

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 1 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.00 02.35 Әнұран
06.05, 02.05 Д/ф «Қазақстан даласының құпиялары»
06.20 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
09.30, 13.30, 15.00, 17.15 «Мың алғыс»
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00, 22. 00 Т/х «Таңшолпан»
14.00«Теледәрігер»
16.00 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
17.00, 20.00, 00.40 AQPARAT
17.15 «Қызық екен...»
23.00 Т/х «Елшінің қызы»
23.50«Оралу»
01.15 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 Концерт «Шаңырақ»
08.00Т/х «Бросить вызов судьбе»
08.30 «Сүрбойдақ»
09.15 Т/х «Телепорт»
10.15, 17.00 «Qalamaimyn»
11.15 Т/х «Егіз жүрек»
12.30, 23.30 «Наурыз нақыштары»
13.30 Кино « Наш милый доктор»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
18.00 «Мегахит»
20.00Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт»
21.00 Итоги дня
21.30 Тұсаукесер «Қолда я жолда»
01.30 «Көрімдік»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00 «Союзмультфильм»
08.00,14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30,23.10 Т/х «Ханзада Ли Сон»
14.00 «Эпоха достижений»
14.50, 03.50 «Вопреки всему»
15.50, 04.35 «Қарлығаш күзет агенттігі»
16.20 «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/Х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.05 «Үздік әзілдер»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.40 «Қарлығаш ұя салғанда»
06.45 «Той заказ»
07.15, 02.55 «Ән дария»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пендеміз ғой»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30 02.25 «Басты жаңалықтар»
19.00 « Город влюбленных» Сериал
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Т/с«Такая работа»
00.00 Т/с «Ментовские войны-5»
01.40 «П@утина»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «КТК» қоржынынан»
07.30,03.50 «Мәссаған.KZ»
07.50 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
08.20, 04.15 «Жимаудың жетістігі», т/х
09.20 «Иная реальность» (повтор)
10.10 «Цена молчания»
14.00 «Бумажные цветы»
16.00,01.30 «Шелест»
18.00 «Бір кем дүние»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Женские секреты»
23.45 Т/с «Лесник. Своя земля»
02.20 Астарлы ақиқат
03.05 «Той Best»
04.15 «Жимаудың жетістігі»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.20 «Ковид-шолу»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Единый народ»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (99-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
07.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
08.20,16.00 «Экстрасенсы-детективы»
09.30 Т/х «Жазықсыз»
11.00 Т/х «Ананди»
12.00 Х/ф «Боб Хоскинс»
14.20 «Хантер Киллер»
17.00, 02.50 «Кел, татуласайық»
20.00 Информбюро
22.20 Х/ф «Капитан Филлипс»
01.20 Х/ф «Холли Берри»
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.50,02.40 «Айна-online»
07.15, 13.30 Т/х «Элиф»
09.00 Т/с «Нужен мужчина»
12.30, 20.30«Ерке мұң»
15.30, 23.40 Сериал «ИП Пирогова»
16.30 01.40 Т/с «Крепостная»
17.30, 00.40 Т/с «Выбор матери»
18.30 Сериал «Спецы»
21.30 «Зың-зың Күлпәш»
22.20,03.20 Т/х «Жалдамалы қалындық»
23.20 «Q-Елі»
05.10 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 2 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қазақ даласының құпиялары». Л/ф
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Біздің әпке»
12.00, 21.30 Т/х «Таңшолпан»
13.00 «Көңіл толқыны»
13.30 «Қайсар жан»
14.00 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
15.50 «Тәуелсіздік тарландары»
16.25 «Ауылдастар»
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ashyq alan». Тікелей эфир
23.00 Т/х «Елшінің қызы»
23.50 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
01.15 «Ashyq alan».
02.05 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00 «Жүректегі көктем» Нұрлан Өнербаев
08.00 Т/х «Бросить вызов судьбе»
08.30 Т/х «Сүрбойдақ»
09.15 Т/х «Телепорт»
10.15, 17.00 «Qalamaimyn»
11.15 Т/х «Егіз жүрек»
13.00, 21.30 «Қолда я жолда»
15.00 «Бүгін». Прямая трансляция
16.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
18.00 Мегахит «Исчезновение»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт». Прямая трансляция
21.00 Итоги дня
23.30 «Әсем әуен»
01.30 Көрімдік

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Союзмультфильм»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ханзада Ли Сон»
14.00 «Эпоха достижений»
14.50, 03.50 Сериал «Вопреки всему»
15.50, 04.35 «Қарлығаш күзет агенттігі»
16.20 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.05 Үздік әзілдер
03.50 Сериал «Райское место»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.40 «Қарлығаш ұя салғанда» Т/х
06.45 «Той заказ»
07.15, 02.55 «Ән дария»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 03.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Город влюбленных»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Сериал «Такая работа»
00.00 Т/с «Ментовские войны-5»
01.45 «П@утина»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30,03.50 Т/х « Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х «Қара теңіз»
09.30 « Мерекелік концерт»
10.10 Жаңалықтар
10.50 «Было дело»
11.50, 21.40 Т/с «Лесник. Своя земля»
13.50, 21.40 «Женские секреты»
16.00 «Шелест»
18.00 «Бір кем дүние»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
23.45 «Лесник. Своя земля»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Дәрігер кеңесі» / тікелей эфир/
19.15«Ковид шолу»
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.20 «Ковид шолу»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (100-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00, 04.30 Ризамын
07.00 «Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері»
07.20 Информбюро
08.20, 15.50 «Экстрасенсы-детективы»
09.30 Т/х «Күн сақшылары»
11.00, 23.30 Т/х «Ананди»
13.20 Т/х «Воронины»
17.00 «Кел татуласайық»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Потомки солнца»
22.20 Т/х «Паутина»
05.00 «Әзіл студио»

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.50 «Айна online»
07.15 Т/х «Элиф»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.20, 18.30 Т/х «Спецы»
12.30, 20.30 Т/х «Ерке мұң»
15.30, 23.40 Т/х «ИП Пирогова»
16.30 Т/х « Крепостная»
17.30 Т/х «Выбор матери»
21.30 «Зың зың Күлпәш»
22.20 Т/х «Жалдамалы қалындық»
23.20 «Q-елі»
02.40 «Тракторшы»
04.10 «Гу-гулет»
05.10 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 3 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қазақ даласының құпиялары.» Деректі фильм
06.25, 17.00, 20.00, 00.40 AQPARAT
07.00 «Tansholpan» Тікелей эфир
10.00, 18.00 Т/х «БІЗДІҢ ӘПКЕ»
12.00, 21.30 Т/х «ТАҢШОЛПАН»
13.30 «Тұлға»
14.00 ,02.05«ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу
16.10,30.00 «Ғажайып өлке»
16.30 «Ауылдастар»
17.15 «Қызық екен»
20.35 «ASHYQ ALAN». Тікелей эфир
23.00 Т/х «Елшінің қызы»
23.50 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
01.15 «Ashyq alan».

ХАБАР

06.05 «Әсем әуен»
06.45 «Назар»
08.00 Д/ф«Время действий»
08.30 «Сүрбойдақ»
09.15 Т/х «Телепорт»
10.15 «Qalamaimyn»
11.15 Т/х «Егіз жүрек»
13.00 «Қолда я жолда»
15.00 «Бүгін». Прямая трансляция
16.00 Т/х «Алпыстан асып барамын»
17.00 «Qalamaimyn
18.00 «Боец»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт». Прямая трансляция
21.00 Итоги дня
21.30 «Қолда я жолда»
23.30 «Әсем әуен»
00.30 Т/х «Телепорт»
01.30 «Көрімдік»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Союзмультфильм»
08.00, 14.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.30, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ханзада Ли Сон»
14.50 Т/с «Вопреки всему»
15.50, 04.35 «Қарлығаш күзет агенттігі»
16.20 Т/х «ХАНЗАДА ЖУМОНГ»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00, 01.10 ASTANA TIMES
20.55 LOTO 6/49
00.20 «Қош келдіңіз»
02.00 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
03.05 «Үздік әзілдер»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірігей

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда»
06.45 «Той заказ»
07.15,02.55 «Ән дария
08.00 «Доброе утро»
11.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112»
14.30 «Qoslike»
18.30.03.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 Т/с «Город влюбленных»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Сериал «Такая работа»
00.00 Т/с «Ментовские войны-5»
01.40 «П@утина»

КТК

07.05,05.00-05.30 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х «Қара теңіз»
09.30 «Мерекелік концерт»
10.10 Жаңалықтар
10.50 «Было дело»
11.50 Т/с «Лесник. Своя земля»
13.50 Х/ф «Женские секреты»
16.00 «Шелест»
18.00 Т/х «Бір кем дүние»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Женские секреты»
23.45 «Лесник. Своя земля»
01.35 «Шелест»
02.25 «Астарлы ақиқат»
03.10 «Той BestStar»
04.20 Т/х «Жимаудың жетістігі»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Саулықтың сыры»
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Жұмыспен қамту жол картасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.20 «Ковид шолу»
21.30 Итоговые новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы» (101-серия)
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06:00 «Ризамын»
06:30 «Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері»
07:20 Информбюро
08:20 «Экстрасенсы-детективы»
09:30 Т/х«Күн сақшылары»
11:00,23.30 Т/х «Ананди»
13:20 Т/х «Воронины»
15:50 Экстрасенсы-детективы
17:00 «Кел татуласайық»
20:00 Информбюро
21:00 Т/х «Потомки солнца»
22:20 Т/х «Паутина -2»
01:30Кел татуласайық
03:40 «Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері»
04:30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.50 «Айна-online»
07.15, 13.30 Т/х «Элиф»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.30 Т/с «Спецы»
12.30, 20.30 Т/х «ЕРКЕ МҰҢ»
15.30,23.40 Т/с «ГРАНД»
16.30, 01.40 Т/с «КРЕПОСТНАЯ»
17.30,00.40 Т/с «Выбор матери»
18.30 Т/с «Скорая помощь»
21.30Т/х «ЗЫҢ-ЗЫҢ КҮЛПӘШ»
22.20, 03.20 Т/с «Жалдамалы қалындық»
23.20 «Q-ЕЛІ»
02.40 «Тракторшы»
04.10 «Гу-гулет»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОҚУ ОРНЫ

ІРГЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ

БІЛІКТІ МАМАН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІН ҚАЛТҚЫСЫЗ ОРЫНДАУЫ ҮШІН ІСКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚОЛДАНА АЛУЫ КЕРЕК. БҰЛ ЗАМАН ТАЛАБЫ. ӘЛЕМНІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ КӘСІБИ КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРЫП ЖҮРГЕН ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ДА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ӨТЕ АУЫР. ЕЛІМІЗДЕ ДӘЛ ОСЫ АТАЛҒАН ШАРТ-ТАЛАПТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН БІЛІМ ОРДАСЫ БАРШЫЛЫҚ. СОНЫҢ БІРІ ДЕ, БІРЕГЕЙІ РЕТІНДЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІН АТАУҒА БОЛАДЫ.

«Халқымыздың әл-ауқатының жақсаруымен бірге оның рухани дүниесі де жаңарып, әлемдік білім беру кеңістігінен нәр алуға қол жеткізді. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңартудың басты міндеті сапалы біліммен қамтамасыз ету және білім беру жүйесінің барлық компонентін жеке тұлғаны қоғам мен мемлекеттің болашақ табыстарымен сәйкестендіру», – деген Елбасымыз Н.Назарбаевтың ұстанымын басшылыққа алып, отандық білім беру жүйесін замана талабына сай жаңаша ұйымдастыру – басты міндет. Педагог-психолог маманы қашанда сұраныста болмақ. Ұрпақ тәрбиесі ұлт алдындағы жауапкершілігі мол жұмыс деп тапсақ, білімнің әр саласында таптырмас қажеттілік тудыратын кадр. Педагог маман өз міндетін оқу пәнімен, білім беру жоспарымен шектеп қоймайды. Сондай-ақ, ол философ, оқушының немесе білім алушы жастың мақсат-мүддесін айқындауға, ішкі меніне, ішкі дауысына құлақ асуына жәрдем бере алатын көмекші-дос. Бағытын айқындап, өмірлік және кәсіби жолын табуға жол көрсететін адамзат құндылығының тасымалдаушысы. Студенттер университетті тәмамдаған соң мектеп бағдарламасымен толық танысып, орта білім беретін мектептерге дайын мұғалім болып барады. Жыл бойы педагогикалық практика кезінде студент өзінің педагогикалық қабілетін жаңа ұжымға танытып, ұшқыр білімі мен озық тәжірибесі арқылы мектеп ұжымының көңілінен шықса, сөз жоқ сол жерде ары қарай еңбек етуге мүмкіндік алады.

Кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқан білім беру саласындағы біліктілігі жоғары болашақ мамандарды дайындауда Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті алдыңғы қатарда. Студенттер жыл сайын студенттік конференциялар мен форумдардың, спорттық жарыстар мен шығармашылық конкурстардың жеңімпазы атанып, алдыңғы қатардан көрініп келеді. Белсенділік пен жарасымды өмір салтын ұстанған студенттердің уақыты зая кетпейтініне кепілдік бере алатын бірден бір жоғарғы оқу орны. Қашықтықтан оқыту, Академиялық ұтқырлық аясында шетелдік серіктес ЖОО-да оқу мүмкіндігіне ие, сондай-ақ біздің студенттер 4 жыл ішінде бірнеше білім беру бағдарламаларын меңгеріп, қазақстандық үлгідегі диплом мен серіктес ЖОО дипломын ала отырып, бірегей мүмкіндікке ие болады. Оқытушылары оқытуда шығармашылық қабілеттерін тұншықтырмауға, керісінше оны дамытуға және кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыруға ықпал ететін инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолданады. Нигде университеті (Түркия), Миссисипи университеті (Америка), Мәскеу қалалық педагогикалық университеті, Санкт-Петербург Психология және әлеуметтік жұмыс университеті, Ресей педагогикалық университетінің сондай-ақ, алыс-жақынмемлекеттердің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатқан. Факультетте студенттердің сапалы білім алуына және әр студенттің шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруға қажетті жағдай толығымен жасалған. Осы орайда педагогика және психология жоғары мектебі, жалпы педагогика кафедрасының қосқан үлесі зор.

Білім беру үрдісін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз ететін кафедраның 77 жылдық тарихы бар. Қазақ КСР-нен бері еңбегі елге елеулі профессорлар қызмет атқарады. Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы жоғары ғылыми әлеуетке ие. Олар білім және ғылымдағы жетістіктері үшін Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің түрлі құрмет грамоталарымен марапатталып жүр. Сонымен қатар, оқытушылар Ресей білім академиясының, Стратегия және білім теориясы институтымен тығыз байланыс орнатып, тәжірибе алмасып, ғылыми зерттеулер жүргізіп келеді. Кафедра педагогика және психология, педагогикалық өлшемдер мамандықтары бойынша магистрлерді дайындайды. Жоғары мектепте педагогика және психология, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану, психология, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша кәсіби маман даярлайды.

Түлектердің жалпы білім беретін орта мектеп, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу жүйесі, педагогикалық колледж, бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарында жұмыспен қамтылу мөлшері 76%-ды құрайды. ҚазҰҚПУ студенттері білім алу барысында қосымша құзыреттілікке ие болуы үшін, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттігін танытуға немесе олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесетін Minor бағдарламасы ұсынылады. Аталмыш университеттің бұдан өзге артықшылықтары мен студенттерге жасалған тиімділігі көп. Күнделікті өзгеріске ұшырайтын еңбек нарығына тез икемделіп, кәсіби деңгей талабына оңай бейімделетін маман даярлау – университетіміздің басты міндеті.

Жалпы мамандық жөнінде айтар болсақ, педагогикалық психология саласы балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарынан бөлек мұғалімдер мен тәрбиешілердің, ата-аналардың, педагогикалық топ іс-әрекетінің психологиялық негіздерін зерттейтін ғылымның бір саласы. Педагогикалық психология терминін орыстың белгілі педагогі П.Ф. Каптерев енгізген. Бұл саланың қалыптасуына XIX ғасыр ортасындағы сараптау психологиясы тікелей ықпал етті. Аталмыш саланың құрылымы үш бөлімнен тұрады: оқыту психологиясы, тәрбие психологиясы және мұғалім психологиясы. Педагогтың жұмыс істеу сипаты – жетекшілердің оқушылармен қатынас жасау әдістерінің жиынтығы болып саналады. Бұл саладағы зерттеулер оқулықтар мен оқу құралдарына қойылатын әр түрлі талаптарды анықтауға ықпал ете алады. Оқушының жас шамасы мен психологиялық деңгейі, ойлау жүйесін басты назарда ұстай отырып, дұрыс оқулықтың құрастырылуына маман да өз септігін тигізеді. Білім алушының ақыл-ой әрекеті мен мінез-құлығын басқарып, олардың дамуын қамтамасыз ететін білім беру және тәрбиелеудің тиімді тәсілдерін тауып, негіздеуге мүмкіндік береді. Оқушылар жай-күйін ғана зерттеп қоймай, педагогтың жеке басына қойылатын талаптарды қадағалайды. Бірқалыпты даму зандылықтарынан ауытқыған балалармен тәлім-тәрбие жұмысын жүргізуде де педагог-психолог мамандардың көмегі ауадай қажет.

Л. САЙДАХМЕТОВА,
ҚазҰлтҚызПУ, п.ғ.к., доцент.
Г. КОНЫРТАЕВА,
педагогика және психология мамандығы 2-курс магистранты.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

Қозының КӨЗ ЖАСЫ

– Мәә! Мммм-әәә....

Құлағыма маңыраған қозының әлсіз дауысы келді. Төсегімнен атып тұрдым. Пештің түбінде ескі көрпешеге орап қойған әппақ, бауыр жүні бұйра-бұйра кіп-кішкентай қозыға көзім түсті. «Ой, қандай сүйкімді!» Мына жарық дүниені жатсынып қорыққаны ма, әлде, тоңғаны ма, денесі дір-дір етеді. Алақаныммен сипап едім, қарсылық білдіргендей аяқтарын тарбаң-тарбаң еткізді.

– Ммм-әәә...

Осы кезде ұйқыдан көздерін аша алмай есінеп, ұйпа-тұйпалары шығып, Сәния мен Мұрат та тұрды. Олар да қозының маңыраған оянып кетсе керек. Тақау келе сіңлім қозыға қарап сұқ саусағын шошайта «Ләқ» деді.

– Лақ емес, қозы, – деді інім үлкендігін көрсетіп. Бір нәрсеге дауласқанда қоймай қоятын әдетіне басып сіңлім тағы да «Ләқ» деді.

– Лақ емес дедім ғой. Қозы. Оны қой туған, – деді інім де қоймай. Сіңлім де қайтар емес. Жаттап алғандай бір сөзді қайта-қайта айтып, інімнің ызасына әбден тиді.

– Ләқ...

– Қозы... Інім мен сіңлім осылай дауласып отырғанда үйге қолында бір қап тезегі бар шешем кірді.

– Мама, мынау лақ емес қой, иә. Қозы десем, Сәния лақ деп қоймайды, – деді Мұрат шешемнен өзінің сөзін растағанын күткендей жүзіне тіке қарап. Сәния да қалысар емес, тағы да «ләқ» деді.

Мұрат пен Сәния тете болған соң осылай көп дауласады. Мұраттың қанша дегенмен Сәниядан үш жас үлкендігі бар. Сөздері де, істері де дәлелді шығып жатса да Сәния оған жеңсік бермейді. Ылғи өзінің айтқанын дұрыс дейді. Оған Мұраттың ызасы келіп, Сәнияны жылатып қояды. Шешем кейде арасына түскенімен, кейде үнсіз тірліктерін істеп жүріп алады. Ол да екеуінің бітпейтін дауынан шаршайтын болса керек. Осы жолы да сөздерін жүре тыңдап: «Таң атпай шуламай, жуыңыңдар», – деді. Мұрат сонда да өзінің сөзінің дұрыстығын дәлелдегісі келгендей:

– Қозы. Кеше әкем қазақи қойдың бүгін түннен қалмай қозылайтынын айтқан. Сен не білесің? – деді өзінің малдан хабары барын білдіре.

– Бола бершін... Бұл – ләқ, – деді Сәлима да қоймай. Тілі енді шығып келе жатқан Сәлиманың сөздерін қызық көрсем де, даудың аяғы жанжалға ұласып кетпей тұрғанда сөздерін бөлейін дегендей сөзге араластым.

– Болды, қойыңдар. Енді бұл қозыға ат қоймаймыз ба? – дедім екеуінің назарын өзіме аударта.

– Атын Ақбота қояйық, – дедім бірінші.

– Ақбота... Өй, бұл түйенің баласы емес қой, – деді Мұрат жұлып алғандай.

– Ақбота қоямыш, – деді Сәния. Сәнияға бәрібір. Оған тек Мұраттың айтқаны болмай, менің айтқаным болса болды.

– Қарамайсың ба, өзі де ботаның баласындай сүп-сүйкімді, әрі әппақ. Әрі атта тұрған не тұр. Ақбота деп атасақ түйенің ботасы болып кетпейді ғой, – дедім үлкендігімді білдіре нық сөйлеп, әрі Мұраттан жеңілгім келмей. Мұраттың келіспесіне амалы қалмады. Қозы шынымен сүйкімді, Ақбота деген атқа лайық еді.

* * *

Біздің жайлап отырған жеріміз Шонабай қыстағы деп аталады. Әкем колхоздың малын бағады. Үш-төрт шақырым жерде бізден басқа бес-алты шопандар үйі қоныстанған. Бұл жерде жалғыз үйміз десек те болады. Ауылдағыдай шулаған бала жоқ мұнда. Сондықтан кейде ішің пысады. Ондай кездері үйді айналып тығылмаш ойнаймыз.

Бұл жердің табиғаты ерекше. Шөбі шүйгін. Малға жайлы. Талға да шөпке де ұқсамайтын бойшаң сасыр деген шөп бар, кейде қойларды соның түбінен таппай қаламыз. Үйдің қарасынан басқа ойнайтын жер таппай жүрген бізге жақсы болды. Ақботамен тығылмақ ойнағанда сол сасырдың түбіне жасырынамыз. Үшеуіміз бір-бір сасырдың түбіне тығылып қаламыз да «Ақбота, пүшәйт-пүшәйт...» деп шақырамыз. Ақбота маңырап жүріп іздейді. Ол да жануар демесең, пәле. Дауыс шыққан жаққа қарай жүгіреді де, тоқтай қалып басын ары-бері шұлғып тың тыңдай қалады. Кейде тығылып жатқан жерімізден тауып алады да бүкшиіп жатқан бізді сүзіп қалады. Оған біз мәз боламыз.

Ойынымыз қанып үйге келсек, әкем атын арбаға жегіп, сайлап жатыр екен. Демек қонаққа барамыз. Ура! Дереу шифонердегі әйбәт көйлегімізді алып, киіне бастадық. Сәния да қалар емес. Бір киер киімін киіп, оған өзі мәз болады. Көйлегін сипап «әйіш» деп қойды. Қонаққа бару біз үшін мерекемен пара-пар. Ешқайда шықпай тек бір үйден кіріп-шығу бізді де зеріктіретін. Әрі қойшылардың балаларымен ойнаймыз. Ақботаны да апарайық дегенімізге әкем көнбеді.

– Мал емес пе... Қойларға қосылып кетсе, таба алмай қаласыңдар, – деп тастап кетті. Арба қозғалмай жатып, Сәния айғайлап жылауға көшті. Сәния өзінің айтқанын істету үшін ылғи өстиді. Жыласа үлкендердің көнетінін біліп алған. Бұл жолы да сол әдетіне басып еді, шешем «ала салшы» деді әкеме қарап. Әкем үндемеді. Үндемегені келіскені. Мен арбадан секіріп түсіп, Ақботаны алып келдім.

Біз үшін ең көңілді күн болды. Қоңсы шопандардың балаларымен армансыз ойнадық. Олар да Ақботаның қылықтарына мәз болысты. Қайтарда шаршағанымыздан үн-түнсіз арбада тербетіліп келдік. Мұрат пен Сәния ұйықтап қалған. Шаршаса керек. Ештеңе сезер емес. Ақбота да бүрісіп, ұйықтап жатыр. Ол да бала сияқты. Жануардан туған демесең, өзі сондай сезімтал, ақылды. Сар далада аспанға қарап жатып, арбаның біркелкі сарынына құлақ түрем. Әкем мен шешем әрнені сөз етісіп келеді. Шопандардан естіген жаңалықтарын айтысты. Мен осы жатқанда өзімді ең бақытты баладай сезіндім. Кең дала... әкем мен шешем қасымда. Інім мен сіңлім бар. Енді Ақбота қосылды...

* * *

Үйге келсек, есік ашық жатыр екен. Айдаладағы қыстаққа аяқ басқан кімдер болды екен деп ойлағанымызша, үйден шешемнің екі сіңлісі атып шықты. Қаладан ауылға қыдырып келген екен. Ауылдан осында келіпті. Мұнда не қызық көреміз деп келгендерін кім білсін? Әйтеуір бұл келістері маған ұнамады.

Нағашы әпкелеріміз келгелі бейқам өміріміз жайына қалды. Салғаннан екеуі: «Мына үйлерің мал қора болып кеткен бе? Сасық қой», – деп мұрындарын шүйіріп, тыжырынсын. Дереу үйдің бәрін сыртқа шығарып, қағып-сілки бастады.

– Малды үйге ұстағаны несі? Апарыңдар қораға. Малдың орны – қора! – деді Фарида тәтемнің көзі ақшиып. Оған біздің көнгіміз келмей біраз қиғылық салып едік, онымызды шыбын шаққан құрлы көрмеді. Шешем де олардың айтқанын құптайтын сияқты ма қалай, әйтеуір бізді жақтап сөйлемеді. Үнсіз естімеген адамдай далаға шығып кетті. Ақыры Ақботаға тықыр таянды. Жайлы үйден қап-қараңғы қораның бұрышынан бір-ақ шықты. Сәлиманың да айқайлап жылағанынан ештеңе өзгермеді. Безбүйрек шешемнің сіңлісінің беті бүлк етпеді.

Әкем мен шешем бізді екеуіне табыстап, шаруамен колхозға кеткен. Бұл көргеніміз әншейін ғана екен. Әке-шешем кете сала «ары отырыңдар, олай емес бері отырыңдар» деп толық билік жүргізіп, ығырымызды шығарды-ақ.

– Әбден беттеріңмен кеткенсіңдер, – дегенді де қосып қойды. Қыңқылдап жылаған Сәлимаға да жекіріп ұрысты. Сәлима көзі боталап маған қарайды. Бір кезде «Ақботамен ойнаймын» деп қиғылық салып еді, Фарида дегені көзі шатынап, долданып шыға келді.

– Малды үйге кіргізгені несі? Әбден малмен мал болып кеткен, – деді. Мына сөзі жон арқамнан осып жібергендей әсер етті.

– Біз мал емеспіз, – дедім жұлып алғандай.

– Өй, сен аузыңды жап. Қалай-қалай сөйлейді-ей...Өй, тәрбиесіз...

– Тәрбиесіз мына – сізсіз, – дедім. Шапалақ жағыма шарт етті. Шешем бұлай ұрып көрмеген. Енді қайдағы бір көкбеттен таяқ жегенім шамыма тиіп кетті.

– Мен сені әкеме айтам, – дедім де еңіреп жылап жібердім. Сол жылаған күйі үйден атып шықтым да, елсіз далаға қарай жүгіре жөнелдім. Қорсылдап келем. Көзімнен де, мұрнымнан да сорғалап ақты-ау... Мұндай қорланбаспын. Әсіресе «мал, тәрбиесіздер» деген сөздері есіме түссе одан сайын еңіреймін. «Осыдан әкем келсін сазайын тартқызармын бәлемнің!». Тұла бойымды кернеген қазіргі ашу-ызадан мүлде елсіз мекенге кетіп қалып, табылмай қойғым келді. Іштей ұрсысып келем. «Жоғалып кетіп, табылмай қояйын ба? Көрсін сосын ұрғанның қалай болатынын. Әкем жанын шығарсын...». Бұл ойым өзіме майдай жақты ма, ендігі жерде жүгіргенді қойып жәй жүріске салдым. Әлгіндегідей емес, ашуым да тарқайын деді. Әрі жүгіре беріп, шаршап қалыппын. Аяғыма бітік өскен жусандар да оралғы болып жүрісімді қиындата түсті. Тұла-бойым да терге малшынды. Алақ-жұлақ етіп жан-жағыма қарадым. Қанша жер жүгіргенімді білмеймін, артыма қарасам, үйімнің қарасы тұрмақ, төбесі де көрінбеді. Адасып кеткенімді анық сездім. Алдыма қарасам да шексіз дала, артыма қарасам да шексіз дала.

Қорқа бастадым. Бағанағы ыза-кектен жұрнақ та қалмаған. Аң-құсқа жем болсам қайтем? Алдымнан қасқыр шыға келсе ше? Осылай ойлауым мұң-ақ екен, жүрегім тас-төбеме шықты. Даусымды ешкім естімейтінін білсем де «ма-ма!» деп айқай салып, тағы да жүгіре жөнелдім. Алдымнан ештеңе көрінбейді. Әшейіндегі қойлы ауыл да кезікпеді. Соған қарағанда мүлде бағыт-бағдарсыз, беталбаты жүгіре берсем керек. Өкіне бастадым. «Қап. Бекер бетіне келген екенмін. Одан да шыдап, әкем келгенде айтып, сазайын тарттыруым керек еді...».

...Әбден титықтап шаршағанымды сездім. Қарным да аша бастады. Бір жағы шөл де қысып барады. Күн де шақырайып, ысып кетті. Үп еткен жел жоқ. Қол-аяғымнан дәрмен кеткендей, дізем дірілдей бастады. Сасырдың түбіне келдім де көлеңкесін паналап отыра кеттім. Ұйықтап кетіппін.

– Өй, бұл қайсың? Тірісің бе? – деп әлдекімнің түртіп оятқанынан атып тұрдым. Әлімгерей деген көрші шопан екен. Қуанып кеттім. Әлгіндегі ашу-ызадан жұрнақ та қалмаған. Қуанғанымнан Әлімгерей атаның бетіне қарап ыржия беріппін.

– Бұ қай баласың?

– Мен ғой, ата Тілегеннің баласымын, – дедім аптығып.

– Айдалада не істеп жүрсің? – деді ата жүзіме барлай қарап. Мен «үйден қашып шығып едім» дегенді айтпай «Ойнап жүріп, адасып кеттім» деп соғып жібердім. Қапелімде бұл сөздің ауызыма қалай сап ете қалғанын өзім де байқамай қалғаным...

– Баламысың деген... Әкең мен шешең шарқ ұрып іздеп жүрген шығар осы уақытта, – деді де мені ертоқымға отырғызып, өзі атын жетектеп алды. Шашырай жайылған отардың шетіне келіп тоқтады да, қанжығасына бөктерген кенеп дорбаны шешіп, шиеленіп байланған жібін ашты.

– Қарның ашқан шығар. Тамақ жеп ал, – деп, суыған ет пен таба наннан сындырып ұсынды. Қарным ашпақ түгілі ішектерім қабысып қалған еді. Асты көріп ішім ұлып сала берді. Ет пен нанды қарбып жеп алдым. Ол аздай атайдың бөктергісіндегі шөлмекке құйылып, шайқала-шайқала майы шыққан тәтті айранды да сіміріп салдым.

Әбден қарын тойғаннан кейін енді ішім қылп ете қалып, алаңдай бастадым. «Ендігі әкем мен шешем де келген шығар. Мені шарқ ұрып іздеп жүрген болар», – деген ой сап етіп келе қалды. Әрі Фариданың мені таппай, жаны шыға іздеп, ебіл-дебіл болған түрі елестей кетті... «Е,е...» Есем қайтып, айызым қанғандай болады. Артынша жылап жүрген шешем келе қалды көз алдыма. Аяп кеттім. Үйге жетуге асықтым.

Күн ұясына батып, қас қарая бастаған. Әлімгерей ата қойларын шарбаққа қамағаннан кейін мені ердің алдына мінгестіре, сар желіп жолға шықты. «Әй, баламысың деген...» деп қояды ара-арасында. Алагеуімде өз қыстағымыздың сұлбасын ажыратпасам да, үрген ит пен малдың даусынан үйге жақындап қалғанымды сездім. Шамның жарығынан шешемнің бір кіріп, бір шығып жүргенін көрдім. Байыз таппай жүрген сияқты. Бізді көрді де, алдымыздан жүгіріп шықты.

– Тірісің бе, айналайын-оу, – деп мені құшақтап жылап жіберді.

Таңа ата сала шешемнің сіңлілері келген жақтарына кері қайтты... Енді келместей болып кеткені анық еді. Біздің қатал тәрбиеге енді көнбейтініміздi, мына кең далада қой-қозымен етене жақын болып кеткен болмысымызды өзгерте алмайтындарына көздері жетсе керек.

* * *

Әкем «колхоз бастық» келеді деп, мал сойып, абыр-сабыр болды да қалды. Қонақ келеді дегенге қуанып жүрміз. Түске қарай күткен адамдар да келді. Қарындары шартиған, шетінен семіз ағалар екен қонақтарымыз. «Забхоз» дегені ырсылдап, ана бір төрдегі аға отырған көрпені қаққыштап, қасығын алып беріп бәйек болуда. Домаланып отырып, құйрығымен жорғалай қозғалғаны күлкілі көрініп кетті. Ана біреусінің беті де ісіп кеткен бе, сөйлеген сайын екі ұрты қоса жыбырлап, бүлк-бүлк етеді екен. Оның бұл түрі маған күлкілі көрінді. Баяғыда әжеміздің тісі жоқ тамақ шайнағанда иегі шошаң-шошаң ететін. Дәуде болса мынаның да тісі жоқ-ау...

Қонақтардың отырысы ұзаққа созылды. Қызара бөртіп, қарқ-қарқ күлісті. Шешем біресе қазан-ошаққа, біресе үйге жүгіріп әбден әбігер болды. Әкем болса «бұлар қашан кетеді» дегендей ара-тұра далаға шығып, мал жақты бір қарап келеді. Бала болсам да жүзінен мазасыздықты байқадым. Сондықтан дәу қарындардың тезірек кетуін іштей қаладым.

Қонақтар тысқа шықты-ау... Іргеде топырақ үйіп ойнап жүрген бізге тесіле қарады. Дәу қарын ту сыртымызда ойнақтап жүрген Ақботаға ашқарақ көзімен ішіп-жеп қарап тұрды да, әкеме жалт қарады.

– Бағанадан бері мына марқаны неге соймағансың? Сірне жеп бір қарық болар едік қой, – деді. Әкем мұны күтпесе керек:

– Бәке, сірне жегіңіз келсе, мал жетеді ғой, – деп келе жатыр еді, дәу қарын шорт кесті.

– Әй, сөзді қой. Мен саған мына марқаны сой деймін, – деді. Әкемде үн жоқ. Өңі бір бозарып, бір сұрланды. Кенет:

– Бәйбіше, әкел ана малды, – деді бұйыра. Шешем де күтпесе керек, селк ете қалды. Қипақтап біздерге қарады да:

– Жүгіріңдер, үйге кіріңдер, – деді. Мен Сәлиманы жетектеп, Мұратты ертіп үйге кірдім. Есіктен сығалап қарап қоямын. Әкем Ақботаны ұстап алып, аяғын жіппен байлап жатыр екен. Ақбота да бір жамандықты сезгендей ұзақ маңырады. «М-м-м-ә-ә-ә...». Әкем сәл үнсіз тұрды да Ақботаның тамағына пышағын тақай берді...

Есіктен ытқып шыққанымнен, әкемнің пышақ ұстаған қолына жармасып үлгермедім. Орылған тамақтан қан шапшып, бұрқ ете қалды. Мен шыңғырып жібере жаздап, аузымды баса қойдым.

Одан кейінгісі есімде жоқ. Тек есімде қалғаны... Ақботаның бақырайған көзінен жас ағып жатыр еді... Сол күннен бастап мен жиі ауырып қала беретін болдым. Әсіресе, ет көрсем лоқси беремін. Шешем аудан орталығындағы тәуіптерге көрсетіп жүріп, бетімді бері қаратып алды. Ал әкем мал бақпайтын болды. Біз ауылға көшіп кеттік...

Гүлжан АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Әңгіме

«Отелло синдромы»

«Әділетсіздікке апаратын екі жол бар: зорлық-зомбылық немесе алдап-арбау»
М. Цицерон

Есік ашып кіргенде үй іші тым тыныш болды. Әдетте, өте шулы үйде бәрі неге тыныштала қалғаны таң қалдырып, кірдім. Кіреберістегі жарық өшіп тұр. Қоссам, жарық қосылмайды. Жарықты тағы қиып кеткенге ұқсайды. Ас бөлмеге барып, терезеден қарадым. Айналада бәрінің үйінде жарық бар. Тіпті сол жарықтар даланы да жарқыратып тұр.

Үй ішінде бөлме көп те емес. Бәрін қарап шықтым, үйде ешкім жоқ. Әйелімнің номерін тердім. Тұтқаны көтермейді.

«Мынау қайда жүр?»

Дәлізде тұрып, телефон дыбысын естіп, жатын бөлмеге бардым. Әйелімнің телефоны үйде жатыр. Телефонын қасынан тастамайтын еді, мұнысы қызық болды. Қайда кеткенін болжап үлгермей, дүкенге кеткені жайлы ой біраз қорқынышыма су сепкендей болды.

Ас бөлме мен жатын бөлмеден көше жарығы түскені болмаса, үй іші өте қараңғы. Дәліздегі шкафтан маңызды номерлер жазылған дәптерді алдым. «Жарық» деп жазылған номерді ешкім көтермеді. Жарықты өзім тексергім келді. Түсінбей барып қарасам, жарық қолмен өшірілген.

Жарықты қостым. Үй шашылып жатыр. Ластығы сондай дала кезген біреу келіп, сасытып кеткендей. Екеуміздің үйді быт-шыт қылатын тентек баламыз да жоқ. Бұның бәрін ересек адам істегеніне сену қиын екен. Әсіресе, мен жоқта тазалықты жақсы көретін әйелімнің бұлай шашып тастағанына аса сенбедім. Үйді өзім жинадым. Үстіме киген киімім сасып тұр. Бәрін жуып, тазаладым. Әдетте істемейтін шаруа болғасын, әйеліме тағы бір ренжідім.

«Үйді қараусыз тастап қайда кеткен, а?!»

Түн ортасы болды, ал әйелім әлі жоқ. Теледидарды өзімді алдарқатуға қосып қойғанмен, оны қарап жатқан мен жоқ. Бар ойым: әйелім маған айтпай қайда кеткені жайлы. Мені тастап кеткеніне сене алмаймын. Тастап кетуі жайлы ойларым жай бір қиял дейін десем де, сол жаққа қарай өзөзімді тығырыққа тірей бердім. Ақыры шыдамай орнымнан атып тұрдым да, балконға шықтым.

Көше жақтан көлік шуы естілсе, балкон қарап тұрған аула жақ тыныш. Алдымыздағы көрші үйге біреу есікті ашып кіріп кетті. Басқа далада ешкім болмады. Тіпті дәл қазір үйге келеді деген үміт те көп емес. Қалтамнан темекімді шығардым да, соңғысын тұтатып, оны терезеге сүйеніп тұрып шектім. Темекіні тұтатып жатып, есіме оның балконға темекі шеккенімді өте ұнатпайтыны түсті. Дәл қазір ол жоқта осы рәсімді дәл осында орындау, өзіме, оған жасалған өте қиянат іс сияқты көрінсе де, еш қиналмастан, рахаттана тарттым. Себебі, ойымда ол қазір басқа біреудің үйінде тыныш ұйықтап жатқаны елестейді. Күйеуі бар әйел екеніне қарамастан, үйіне қондырған бөгде еркек болса деген ой туып, тіпті ашуымды оятты. Темекіні қолыма алып, желмен үйге қараған түтініне көз салып, ішімдегі болмашы ызамды басуға тырыстым.

«Мені тастап, бай еркек тауып алып, соған кетті ме екен... Әлде жай бір құрбысына кетті ме? Құдай-ай, бұл қалада бірде-бір танысы да, туысы да жоқ қой. Менен басқа ешкімі жоқ еді ғой...»

Өз-өзіммен сөйлесіп, өз-өзіме ұрысып, өз-өзімді жазалап біраз ауыр ойдан соң орныма қайта барып жаттым. Оның мені тастап кетуіне еш негіз жоқ болса да, шын тастап кеткеніне өзімді сендіріп, бұған сенуден басқа амал жоғын түсіндім.

Неше түрліні ойлап жатып, таңға жақын ұйықтап та кеттім. Бірақ бұл түндегі ұйқым ұйқы болмады. Түсім мен өңім өзара жағаласып, миымдағы сұрақтарға жауап іздеді.

Көрген түстерім өте қорқынышты болды. Мен жұмыстан келер алдында, үйге ұры түскенін көрдім. Ұры үйден бағалы ештеңе таппай ашуланды. Әйелімді әкетіп, бопсаламақ болды. Қыруар ақша талап етіп жатқанымен қоймай, әйелімді өте қинап жатыр. Ал оның менің атымды атап, айғайға басып, жан ұшыра көмек сұрап жатқаны тіпті шошытты. Құлағыма дауысы кіріп, атымды бірнеше рет атап шақырды. Көмектесе алмадым.

Түсімде бұдан артығын көрмедім. Көре алмадым. Терге малынып ояндым да, бұл дауысты жадымнан өшіре алмадым. Түстің сонша өңге ұқсас бейне болуын алғаш байқауым. Жүрегім қысылып, демімді ала алмай біраз отырдым. Кейін барып түсіндім. Түс соншалық шынайы болуы мүмкін емесін түсіндім.

«Иә, ешбір танысы жоқ әйелім басқа ешқайда қонуға кетпейді. Мені тастамайды да. Бұл түс емес, бұл - аян! Бұл – белгі! Әйелім мені көмекке шақырып жатыр».

Үй ішінде айналып жүрмін. Түсімдегі аянышты бейне көз алдымнан кетер емес. Қабырғаны соғып, әйелімді құтқара алмағаным үшін өкініп, жылап та жатырмын. Бірақ бұдан еш пайда жоқ. Әрекет ету керек. Телефонымды алып полицияға хабар бермек болдым да:

«Олар әйеліңе ие болмадың деп өзіме бас салса не істеймін?! Оны қорғай алмағаным үшін түрмеге жапса не істеймін? Жоқ, одан да өзім іздеймін. Өзім көмектесемін оған».

Телефон тұтқасын лақтыра салдым. Өзім әрекет етуім керегін түсініп, киініп алдым. Қабырғалас көршінің есігін қақтым. Таң атпастан соғылған қағысқа ешкім келе қоймады. Біраздан бері көрші боп келе жатқан кісілер болатын, кеше кешкі бес-алты шамасында үйден айқай-шу естігендерін де айтты. Көршілерімнің мұндай сөздерінен соң көрген түсімнің белгі екеніне әбден сендім.

Бүгін жұмысқа барғым келмеді. Жолдас жігітке ауырып жатырмын деп өтірік айтып, жұмыстан бір күнге сұрандым. Үй жақтағы адамдардан әйелімді, күдікті адамды сұрастырып жүрмін. Өте кәрі бір әйел:

«...алыстан бір әйелді бір еркек көлікке салып жатқанын байқадым. Әйел ұйықтап жатыр ма, талып жатыр ма, әйтеуір басы мен қолы салбырап тұрды ғой».

«Еркек қандай? Көлігі қандай?»

Кәрі әйел бұл сұрағыма ұзақ ойланды.

«Көзім көрмеді. Бірақ сен айтқан үйден шыққанын анық көрдім. Басқа ештеңе білмеймін, көрген де жоқпын».

Кәрі әйел әрі қарай ештеңе демеді. Айтқанын болжап көрсем, уақыт үйдегі у-шумен сәйкес келеді. Ұры әйелімді есінен тандырып алып кеткені анық болды.

«Енді ол көліктің қайда кеткенін қалай анықтаймын? Номері де белгісіз. Байғұсым-ай, басымызға не күн туды?!»

Кәрі әйелден бөлек үй маңындағы тағы біраз адамдардан сұрастырып көрдім. Олар тіпті әйелімді көрмегенін де айтты, бірі тіпті ересек адамның жоғалып кеткені жөнінде күліп те алды. Әйелімнің із-түссіз жоғалғаны өте тереңге кетіп бара жатқандай көрінді. Күні бойы айналаны барлап жүріп, оны енді қалай табарымды, кімнен сұрап, қайдан іздерімді білмедім. Көрген түсімді өтірікке балайын десем, бәрі соған кеп тіреліп тұрғандықтан, сенбеске еш амалым қалмады. Мүмкін, ұры маған хабарласып, әйелімді босату үшін ақша сұрап телефон соғатын болар. Мүмкін, әйелім өзі хабарласып, маған бәрін түсіндірер.

* * *

Үш күн өтсе де, телефоныма әйелімнен, не оны алып кеткен ұрыдан қоңырау келмеді. Жұмысқа бармай қойдым. Әйелімді іздейтін ешбір жолды таппасам да, аула мен үй арасында біраз сандалдым. Жолдарға сағаттап қарап, оны күттім. Ол алыстан «Мен жай қыдырып кеттім» деп келе жатқандай көрінеді. Сосын үйге кіріп, «Балконда темекі шеккенсің бе?» деп ұрысып, «Үйдің ішін мен жоқ үш күнде неге сонша шашып тастағансың?» деп те ренжиді. «Үш күн бойы менсіз түк тамақ ішпеген сияқтысың ғой» деп тамақ әзірлеп, «Жұмысыңа неге бармай жүрсің?» деп тағы ұрысатын болады. Бұның бәрі маған е ш ұнамаса да, маған оның жанымда болғаны керек еді. Қасымда болғанда әлдеқайда бақыттырақ болар едім. Қайтып келсе, бұрынғыдай жиі ренжітіп, болмашы үшін бетінен шапалақпен ұрмас едім. Бәрі бұрынғыдай болмас еді. Мына жолмен қайтып келсе, қайта оралса, енді ұрмаймын, енді ренжітпеймін. Бірақ қашан? Қашан үйге қайтып келеді?

Телефоным шыр етті. Бейтаныс номер, бейтаныс адам дауысы. Мені таныпты тұр, әрі әйелім жайлы да сұрады. Өзін таныстырған бейтаныс адам бір адреске мені шақырды. Маңызды мәліметтер білетінімді айтып, соларды мәлімдеуімді айтты. Мүмкін, бұл әйелімді ұстап отырған адамдар, мүмкін, табуға көмектесетін адамдар. Бірақ мен ешкімнен көмек сұрамап та едім. Десе де, бардым.

Шақырған жерде мені қараңғы бөлменің ішіне әкеп отырғызды. Қарама-қарсы отырған еркектің көздері сондай сұсты, әрі қорқынышты екен. Ұзақ үнсіз отырып, бетіме қарады да:

«Бұрынғы әйеліңіз Назым Асқарқызының өліміне қатысты не дейсіз?»

Төбемнен суық су құйып жібергендей болды. Не ойларымды білмедім. Айтқанын тіптен қабылдай алмадым.

«Сен кімсің? Қайдағы өлім?»

Еркек отырған орнынан атып тұрып:

«Мен саған осында келгелі өзімді мың рет таныстырдым, мың рет. Бұрынғы әйеліңнің өлімі жайлы миллион рет айттым. Өтірік ақымақ болуыңды қой!»

Қаруы бар ашулы еркек маған бірден «сізден» «сенге» көшіп, айғайлай бастады. Артынша тез тынышталып, киімін реттеп, үстел үстіндегі су құйылған ыдысты алды да, бір стақан су құйып ұсынды. Бұл есеңгіреген мен үшін көп көмек болды. Еркек тағы:

«Ал енді айта отыр. Назым Асқарқызын соңғы рет қашан көрдің?»

«Төрт күн болды көрмегеніме. Сейсенбі таңертең жұмысқа кетерде көрдім. Жұмыстан келгенде ол үйде болған жоқ»

«Өтірік!»

Түсінбей қалдым. Жігіт сөздерін жалғады да:

«Жәбірленуші екі айдан бері құрбысының үйінде тұрады. Екеуің ажырасып кеткендеріңе екі айдан асты. Есіңде ме?»

Бұл естігенім менің күлкімді шақырды. Қалада бірде-бір танысы жоқ адам құрбысының үйінде екі ай бойы қалай тұра алады? Ажырасып кетті деген тіпті... Жымиып отырып, жанымдағы еркекке бәрін қайтадан түсіндіргім келді. Еркек соңына дейін тыңдамастан:

«Сен әдейі істеп отырсың ба, әлде шынымен басың істемей ме, білмедім. Сен тым болмаса Арман жайлы білесің бе? Соны айтшы».

Шынымды айтып отырғанымды, тіпті мынау айтып отырған Арманын да танымайтынымды жеткіздім. Ашулы еркек одан әрі айқайлап, үстелді бір ұрды. Қолымдағы су төгіліп, стақан қолымнан жерге тарс ете түсті.

«Сен өз ұлың Арманды шақалақ кезде абайсызда өлтіріп алғансың. Есіңде жоқ па? Соған әйеліңді кінәлап оны біршама айлар бойы себепсіз ұрып-соққаның ше? Есіңде бар ма? Әлде «ой, ұмытып отырмын» дегің келіп тұр ма? Ақымақтың рөлінен шық. Істегеніңнің бәрін де мойында! Ажырасқан соң әйеліңді басқалардан қызғанып, ұрлап әкеткеніңді мойында. Ұрлап, үйіңе қамап қойғаныңды мойында. Айдалаға апарып өлтіргеніңді мойында. Қылмыстарыңды мойындасаң, жазаң жеңіл болады. Айғақтар да саған қарсы сөйлеп тұр. Мойындайсың ба?»

Бұл еркектің қай Арман жайлы айтқанын түсінбедім. Қайдағы өлім мен қайдағы айғақтар? Ойыма бұл өзі қылмыскер емес пе деген ой да келіп жатыр. Бір жағы маған әйелімді табуға көмектесетін сияқты.

«Әйелім сейсенбіден бері жоқ. Көршілер мен жоқта үйде у-шу болғанын, ал ауладағы кәрі әйел оны көлікке салып, бір еркек ұрлап кеткенін айтты. Мен басқа ештеңе білмеймін. Оны табуға маған көмек керек. Осында сол үшін келдім».

Бұның бәрін оларға әйелімді табуға көмектеседі деген оймен айттым. Ашулы еркектің мазасы кеткендей:

«Жарайды, сенің жайың түсінікті болды. Бұлай отыра берсек, нешетүрлі ертегіні басқа кейіпкерлермен қосып айтып кетерсің. Тергеу ісі аяқталды».

Бұл мәлімет оларға көп нәрсеге көмектескені үшін қуанып та қалдым. Әйеліммен кездесетін күн де таяп қалғанын сезіп отырмын. Көзім жасаурап, жоғалған адамымды табатыныма қуандым. Сырттан бейтаныс біреу келіп, қолыма кісен салды да, бұл қараңғы кабинеттен алып шықты. Ойымда әйелімді табуға деген бір үміт пайда болды. Сол үмітпен көзімнен жас саулап келе жатыр. Мына адамдар оны табуға көп көмегін көрсетсе, бір апта, тіпті екі-үш күнде қауышып қалармыз.

* * *

Мені өте қараңғы тар бөлмеге әкеп отырғызып қойды. Әйелімді әлгі ашулы адамдар өздері тауып, екеумізді осында табыстыратынға ұқсайды. Осыны ойлап, қуаныштан басым айналып жүр.

Көз алдыма кездесуімізді елестейді. Оны көргенде не деп айтарымды да білмеймін. Өзі онша көйлек көп кимейтін еді. Бірақ екеумізге де ұнайтын қара көйлегі бар болатын. Тізеден төмен түсіп тұратын қара көйлегі оны бәрінен ерекшелендіріп көрсетеді. Соны киіп кіріп келеді. Ол менен тығылып қалғанын күліп айтады, ал мен оны бүкіл ауладан іздеп, адамдардан сұрастырып, алаңдағанымды айтамын. Кейін ол мені құшақтап, тосын сый жасағысы келіп, бірақ онысы менің кесірінен іске аспағанын айтып күледі. Мен де онсыз өткен өңсіз күндерім мен түндерімді айтамын. Бірақ әлгінде балконда темекі шеккенім жайлы айтпаймын. Бәрібір үйден темекінің иісі кетіп те қалған шығар.

Дана АСЫЛБЕК

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

В 2020 ГОДУ ВКЛАДЧИКАМ ЕНПФ ВЫПЛАТИЛИ СВЫШЕ 193 МИЛЛИАРДОВ ТЕНГЕ

Данагөй Мұхаметжан Тынышбаевтың бастау алатын құнды деректер кейіннен тарихшылардың, өлкетанушылардың зерттеулеріне арқау болады. Біз төменде «Қазақ батырлары» газетінде 2005 жылы жарық көрген

Б.Сейіловтың, тарихшы ғалым Талғат Мекебаевтың, тарихшы Нұрлан Баженовтың, жетісулық өлкетанушы Жемісбек Толымбековтың батыр хақындағы жазбаларына арқау болған бірер аңызды назарларыңызға ұсынамыз.

Тәуке ханға Алдияр батырдың үстінен «халықты місе тұтпайды, әлімжеттік жасайды» деген мағынада шағым түседі. Тәуке хан өз шатырында, көптің қоршауында ақылкеңес құрып отырғанында Алдияр батыр үстіне кіріп жиналғандарға тіке қарап *«Хан менің қара халыққа қиянат жасаған істерімді жария қылуды ұйғарып отыр»,* – дейді. Тәуке хан алдында бұлай сөйлеуге ешкімнің дәті бармайды екен. Тәуке хан тұрып *«Алдияр батыр менің құрмет тұтатын ерлерімнің бірі. Егер ол қара халықтан ат алса, орнына атан түйе беріп қайырады»*, – деп сөзін түйіндейді.

Алдияр батыр сол кездегі қазақтың ұғымындағы жаңбыр, дауыл шақыра алатын «жайшы» атанған адам. Тәуке хан қарақалпақтарды бірнеше рет шабуға ұмтылып, түк шығара алмапты. Тәуке ханның үлкен қолмен келе жатқандығынан Қарақалпақ ханы жайшылар арқылы ерте біліп, үлкен қарсылық қам жасап, қазақ қолының шабуылын дарытпапты. Қапаланған Тәуке хан Алдияр батырға «Қарақалпақ елін шауып, ханын талапай ет» деп бұйрық етеді. Алдияр батыр дауылдатып, жауындатып, өзінің жасағымен Қарақалпақ елінің шекарасына жетіп,ауылдарын шауып, мол олжаға кенеліп, Қарақалпақ ханын Тәуке ханның алдына апарады. Кейіннен Қарақалпақ ханын өлтірген Тәуке ханның қылығын Алдияр батыр жақтырмапты.

Қазақтың бас батыры Алдиярмен келісім жасап, сөйлесуге қалмақтың қонтайшысы елші болып келеді. Екі жақ ұзақ келіссөздерден кейін «соғысты, бір елді бір елдің шабуын тоқтатайық» деген шешімге қол жеткізеді. Алдияр батыр болған жағдайды Тәуке хан алдына барып баяндап беріп, өзі де осы тоқтамға келгенін айтады. Тәуке хан мұндай шешіммен келіспейді. Алдияр батырға *«Дереу қалмақтың елші қонтайшысын өлтіріп, басын кесіп алдыма әкел!»* – деп бұйырады. Алдияр батыр Тәуке ханның бұйрығын орындамай, қалмақтың елшісін ауылына жасырып, өзі жігіттерімен қорғану амалдарына кіріседі. Тәуке ханның жасақтаған қолы Алдияр батырдың ауылын шабады. Таңның атысынан басталған кескілескен ұрыс кешке дейін жалғасады. Алдияр батырдың ержүрек інілері Майлан, Құдияр, Ізбасар бастаған ауыл жігіттері хан жасағымен аянбай шайқасып бағады.

«Майлан, ажалың әлде қайдан?», – деп Алдияр батырдың өзі айтқанындай, оның кіші інісі Майлан осы ұрыста мерт болады. Кешкісін Алдияр батырдың ауылын ала алмаған хан жасақтарының қалдығы кері қайтады. Ертеңінде Алдияр батыр қалмақтан келген елші қонтайшыны құрметпен жолға салады. Бұл ұрыс туралы ел аузында:

«Ұзынағаш, Тойкеге келді
қалмақ,
Хан Тәуке басып барып, басын
алмақ.
Келмегірдің қалмағы қайдан
келді,
Екі қазақ соғысып, Майлан өлді»,

– деген өлең жолдары сақталған. Екі қазағы Тәуке хан мен Алдияр батыр. Қалмақ елшісі қонтайшы аман-есен еліне жетеді. Жетісімен тұтқынға түскен қазақтардан: «Кім Алдияр батырды біледі? Кім ол туралы естіді?»,– деп сұрап біліп, естігендердің барлығын тұтқыннан жедел босаттырып, елдеріне қайтарыпты.

Алдияр батыр 1696, 1698, 1701, 1710 жылдардағы қазақ-қалмақ шайқастарының бел ортасында жүріп, өзі де топ жарып, ерлігімен ел есінде қалған. Батырдың Қырықсадақ пен Қырғызшорадан басқа Қуат, Кенембай, Дөненбай (шешелері Таубике), Асан, Медет, Кенжебай (шешелері Ежеп), Ақпан, Тоқпан (шешелері Жібек) деген сегіз ұлы болғаны белгілі. Кенембайдан – Бұлақ, Сарша, Төлеулі, Ерәлі және Мақан; Медеттен – Қайдауыл, Құлшан, Көркетай, Боранбай; Кенжебайдан – Өте, Ботақан, Барақ, Төреқан атты әулеттер өсіп-өніп одан ары жалғаса береді. XX ғасыр басындағы есеп бойынша Қуаттар 200-дей шаңырақ, 1000-нан астам адам, Медеттер 368 шаңырақ, 1714 адам, Кенжебайлар 400-дей шаңырақ, 2000-дай адам, Кенембайлар 143 шаңырақ, 625 адам болыпты. Бүгінгі таңда батыр ұрпақтары мәуелі бәйтеректің жапырақтарындай өсіп-өркендеп келеді.

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі, «Бабалар рухы» қоғамдық қоры ұйымдастыру комитетінің мүшесі.

Құрметті оқырмандар! Алдияр батыр есімін мәңгі есте қалдыруға ниет білдіретіндер үшін «Бабалар рухы» қоғамдық қорының реквизитін ұсынып отырмыз:
KZ 776010311000083911
SWIFT BIC: HSBKKZKX
БИН\ИИН: 190640010888
КБе 18
КНП 120
Анықтама үшін: +7705 7707258, +7701 6099075

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

ВИДЫ НАЗНАЧЕНИЯ НАКАЗАНИЯ

Наказание в уголовном праве – явление социально-правовое. Социальное назначение наказания состоит в том, что оно на протяжении многих лет рассматривается как одно из средств борьбы с преступностью, специфический и весьма жесткий регулятор поведения людей, вступающих в конфликт с уголовным законом. На различных этапах развития человеческой цивилизации государство с помощью уголовного наказания пытается решить по сути одно и ту же задачу – защитить общество от преступных посягательств на наиболее важные социальные ценности, охраняемые уголовным законом.

Назначение наказания, то есть избрание его при вынесении обвинительного приговора, является важным, ответственным моментом в деятельности суда.Реализация целей наказания во многом предопределяется назначением наказания. Назначение наказания способствует исправлению осужденных, предупреждению совершения новых преступлений как осужденными, так и другими лицами.

Виды назначения наказания зависят от обстоятельства, смягчающих и отягчающих уголовную ответственность и наказание. Под обстоятельствами, смягчающими и отягчающими ответственность, принято понимать различного рода факторы, относящиеся к личности виновного и совершенному им преступлению, которые соответственно уменьшают либо повышают общественную опасность преступления и преступника, а следовательно, и степень его ответственности и влияют на наказание.

Учет смягчающих обстоятельств дает суду право: при альтернативной санкции назначить менее строгий вид наказания; определить наказание в размере, равном или близком к минимуму, установленному санкцией статьи УК, покоторойквалифицировано преступление; и в силу статьи 55 УК применить более мягкое наказание, чем предусмотрено заданное преступление; применить условное осуждение, отсрочку отбывания наказания.

Наличие отягчающих обстоятельств, напротив, предоставляет суду возможность: при альтернативной санкции назначить более строгий вид наказания из тех, которые в ней указаны;назначить наказание, близкое или равное максимальному размеру наказания, предусмотренному санкцией статьи Особенной части УК, по которой квалифицируется деяние виновного;исключить возможность применения статьи 55 УК; исключить возможность применения условного осуждения, отсрочки отбывания наказания.

Жумаш АКБЕРГЕНОВ,
судья Алакольского районного суда.

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА В НАШЕЙ РЕСПУБЛИКЕ

Гендерное равенство – один из важнейших аспектов жизни в демократических западных странах, где женщины и мужчины получают равные возможности и обязанности в различных сферах жизни. Независимо от пола, гражданам предоставляются одинаковые права при трудоустройстве, они успешно сочетают семейную жизнь и карьеру. Понятие «гендерное равенство» появилось благодаря экспертам ООН, и сейчас его активно обсуждают не только развитых странах, но и в развивающихся государствах.Гендерное равенство, также именуемое равенство полов, — это концепция, подразумевающая собой достижение цели равноправия в правах между сильным и слабым полом, это равная оценка обществом схожести и отличия между женщинами и мужчинами, разных социальных ролей, которые они играют, обладание ими равным статусом посредством равных условий для реализации прав человека.

Активная экономическая роль женщин привели к объективному повышению социального статуса женщин в семье и обществе. Это, в свою очередь, привело и приводит к изменениям гендерных ролей в семье, к формированию новых гендерных моделей семьи в казахстанском обществе.

Основные принципы гендерной политики устанавливают гарантированные Конституцией Республики Казахстан равные права и свободы для женщин и мужчин.

К задачам гендерной политики в Казахстане относятся: достижение сбалансированного участия женщин и мужчин во властных структурах; обеспечение равных возможностей для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижения по службе; создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье; свобода от насилия по признаку пола.

Концепция разработана на основе Конституции Республики Казахстан, Стратегии развития Казахстана до 2030 года, Национального плана действий по улучшению положения женщин в Республике Казахстан, Конвенции Организации Объединенных Наций о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин, рекомендаций ООН по ее выполнению в Казахстане, других ратифицированных международных договоров и соглашений.

Реализация Концепции гендерной политики в Республике Казахстан способствует разработке программ по созданию подлинно демократического государства, в котором права граждан будут подкреплены реальными возможностями их реализации.

Айнаш АМИРБАЕВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

НОВОСТИ

МАЛООБЕСПЕЧЕННЫМ СЕМЬЯМ РАЗДАДУТ АПТЕЧКИ

КАК СООБЩАЕТSPUTNIK, ДО ИЮНЯ 2021 ГОДА ПЛАНИРУЕТСЯ ДОСТАВИТЬ 145 ТЫСЯЧ КОМПЛЕКТОВ МЕДИЦИНСКИХ АПТЕЧЕК, ЗАКУП БУДЕТ РЕАЛИЗОВАН ЧЕРЕЗ ПРОГРАММУ РАЗВИТИЯ ООН.

Семьям, получающим адресную - социальную помощь, выделят аптечки с термометрами, масками и противовоспалительными препаратами, об этом сообщили в министерстве труда и соцзащиты.

Для снижения уровня распространения коронавирусной инфекции в Казахстане до июня текущего года, малообеспеченным семьям получателям адресной социальной помощи, будут доставлены 145 тысяч комплектов медицинских аптечек.

В состав набора входят термометры, маски, дезинфицирующие средства и нестероидные противовоспалительные препараты.

Средства для приобретения медицинских аптечек будут выделены за счет гранта от Азиатского банка развития. Закуп будет реализован через программу развития ООН.

Также в ведомстве отметили, доставка будет осуществляться городскими или районными отделами координации занятости и социальных программ, сельскими акиматами.

«Эта мера позволит снизить экономическую нагрузку на семьи, которые получают адресную соцпомощь и находятся в трудном материальном положении», — сообщили в министерстве.

Напомним, для получателей АСП в 2022 году внедрят социальный цифровой кошелек. В министерстве труда и социальной защиты населения Казахстана ранее рассказывали, что сейчас казахстанцы, желающие получить соцвыплаты, должны идти в банк для открытия счета. Новая система позволит автоматически открывать «социальный кошелек» на основе ИИН.

Ш. БАТОВ.

ПО СООБЩЕНИЮ ПРЕСС-СЛУЖБЫ РПП, ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ БЕРКУТЧИКУАНЫШИ-САБЕКОВ ИЗ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ НАМЕРЕН СОЗДАТЬ ЭТНОАУЛ ДЛЯ ТУРИСТОВ.

БЕРКУТЧИ ПЛАНИРУЕТ ОТКРЫТЬ ЭТНОАУЛ ДЛЯ ТУРИСТОВ

37-летний Куаныш продолжает дело своего отца и дедушки. Его с малых лет обучали мастерству охоты, умению использовать природные охотничьи способности птицы. В 16 лет он впервые приучил беркута и с тех пор не расстается со своим пернатым другом. Сейчас Куаныш в совершенстве владеет этим искусством. Вместе с семьей они даже создали музей «Жетіқазына» («Семь сокровищ»), посвященный особенностям национальной охоты. Куаныш - победитель различных конкурсов республиканского и международного уровня. Теперь свое любимое хобби и дело всей жизни хочет превратить в полноценно действующий и прибыльный бизнес. Сейчас у него есть семь беркутов, два ястреба, два сокола-балобана и восемь собак породы тазы.

Колоритный этноаул планирует создать недалеко от родного села Нура в Енбекшиказахском районе. Это в 141 км от города Алматы. Именно в этой местности обитают лисы, кролики и другие мелкие грызуны, на которых люди охотятся с беркутами и тазы. Ежегодно на шоу беркутчи приезжало от 20 до 30 туристов, в основном из Европы. Искусство беркутчи вызывает большой интерес у иностранцев, говорит КуанышИсабеков.

«Туристам очень интересен процесс охоты, наша природа и обычаи. Обычно сезон начинается с октября и продолжается до середины февраля. Именно в этот период несколькими группами приезжают туристы. Они снимают наш быт, особенности охоты с беркутом. Туристов много из Канады, Великобритании, Швеции, Германии, Франции. Среди них бизнесмены, путешественники и фотографы. Некоторые приезжают каждый год», - отметил он.

В связи с пандемией в 2020 году туристов почти не было. Однако открылось перспективное направление как развитие внутреннего туризма. В прошлом году КуанышИсабеков получил консультацию и обучился азам бизнеса по компоненту «Бизнес Школа» в Палате предпринимателей Алматинской области. Далее подал заявку на получение безвозмездного гранта по программе «Дорожная карта бизнеса - 2025». Комиссия одобрила его проект на финансирование. На эти средства молодой предприниматель планирует реализовать свою идею. В этом ему будет помогать вся семья. У Куаныша трое детей. Он с юного возраста обучает своих детей общению с птицей.

«Беркуты требуют особого внимания. Необходимо хорошо ухаживать за ними, проявлять ласку, тогда они слушают тебя. Ты не сможешь заставить его делать что-то криками. Кроме того, у человека не должно быть вредных привычек, иметь только чистые помыслы. Птица высокого полета все чувствует», - делится он.

Куаныш Исабеков также считает, что данная сфера нуждается в государственной поддержке.

«Например, содержать беркута или тазы дело не из легких. В летнее время ежедневно беркут употребляет до 2-3 кг мяса. Возможно, необходимо внедрить субсидирование. Но однозначно нужны стимулируюшие меры. Кстати, беркутчи из Монголии и Кыргызстана часто отмечают, что за счет растущего числа молодежи в рядах беркутчи в Казахстане этот вид исскуства активно развивается чем у них», - подчеркнул он.

Сегодня беркутчи и предприниматель Куаныш Исабеков готовится принять участие в соревнованиях среди охотников в Восточно-Казахстанской области и Турецкой Республике.

Ш. ХАМИТОВ.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ПЛАТИТЬ НАЛОГИ ПРИ МОБИЛЬНЫХ ПЕРЕВОДАХ

Предприниматели Казахстане будут платить налоги при денежных переводах через мобильные приложения, фискализация затронет только их. Об этом рассказали в пресс-службе министерства финансов.

По данным минфина, одним из решений является использование отдельного счета, предназначенного для предпринимательской деятельности, куда будут поступать платежи за реализованные товары, работы и услуги. Банки уже разработали подобные мобильные приложения и начали активную работу по популяризации их в предпринимательской среде.

«*Также предлагается разработать Систему управления рисками. Которая с максимальной вероятностью определит признаки коммерческих операций без постановки на учет в качестве субъекта бизнеса или предпринимателей использующих личные счета в предпринимательской деятельности*», - говорится в сообщении.

В минфине добавили, что существующие мобильные банковские сервисы дали импульс перехода большой части наличного оборота между физическими лицами в безналичную среду. Такие личные переводы физических лиц не являются предметом администрирования КГД МФ РК и не являются объектом налогообложения. Новые сервисы банков, предназначенные для личных переводов также стали использоваться и в предпринимательской деятельности, т.е. при реализации предпринимателями товаров, работ и услуг. Речь идет о фискализации и проведении таких переводов через онлайн ККМ с последующим отражением в налоговой отчетности.

В ведомстве напомнили, что субъекты микро-малого бизнеса освобождены от уплаты налога с дохода до 2023 года. До этого времени параллельно с совершенствованием специальных налоговых режимов налоговые органы должны проработать механизмы, по разделению мгновенных переводов используемые в личных целях и в предпринимательской деятельности.

Ранее первый заместитель премьер-министра республики Алихан Смаилов заявил, что в Казахстане денежные переводы через мобильные приложения планируют облагать налогом. Он отметил, что необходимо обратить особое внимание на решение проблемы фискализации денежных переводов, которые поступают от потребителей к предпринимателям через мобильные приложения банков.

СОБ.КОРР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖИЫН

22 АВТОКӨЛІК БЕРІЛДІ

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов өңірдегі 22 спорт мекемесіне автокөлік кілттерін тапсырды. Бұл сый Талдықорған қаласындағы Салтанат сарайында өткен 2020 жылдың қорытындысы бойынша спорт саласы үздіктерін марапаттау салтанатында берілді, - деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Шарада алдымен өңірдегі спорт жетістіктері таныстырылып, өңір басшысы А. Баталов спорт саласына көрсетіліп отырған қолдаулар жайлы қысқаша атап өтті.

– Әрбір аудан орталығында заманауи спорт кешендерін салып жатырмыз. 2020 жылы облыста спорт саласын дамытуға 18,3 млрд. теңге бөлдік. Жуырда Талдықорған қаласында Орта Азияда теңдесі жоқ Олимпиадалық стандартқа сай «Талдықорған» орталық бассейнін іске қосамыз. Материалдық-техникалық базаны жақсарту шаралары спортшы жастардың жақсы нәтижеге жетуіне ықпал етеді деп ойлаймын. Еліміздің көк туы әрқашан биікте желбіресін. Істеріңіз сәтті болып, алға қойған мақсат-мұраттарыңызға жете беріңіздер, – деген А. Ғаббасұлы марапаттау рәсіміне көшіп, спорт үздіктеріне Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарын, арнайы дипломдар мен ақшалай сертификаттарды табыстады.

Облыс көлеміндегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріне барлығы 22 шағын автобус көлігінің кілті берілді. Сондай-ақ, ақпарат құралдарында спортты насихаттап жүрген журналистер марапатқа ие болды.

Жыл қорытындысы бойынша облыс спортшылары барлығы 853 жүлдеге ие болған. Атап айтсақ, 292 алтын, 258 күміс, 303 қола медаль қанжығалаған. Былтырғы жылы 20 халықаралық спорт шебері, 124 спорт шебері, 375 спорт шеберлігіне кандидат, 166 бірінші разрядты спортшы дайындалды.

«АЛАТАУ – АҚПАРАТ»

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

БАҒЗЫ ЗАМАННАН АТБЕГІ ХАЛЫҚ ЕКЕНІМІЗ ЖАРТЫ ӘЛЕМГЕ ЖАРИЯ. ОҒАН ДӘЛЕЛ – ЖЫЛҚЫНЫ АЛҒАШ БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ҚОЛҒА ҮЙРЕТКЕНІ. БҰЛ ЖАЙЛЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР КӨП.

ҚҰЛАГЕРДІ ҚАШАНҒЫ СЫРТТАН ТАСИМЫЗ

Тарих беттеріне үңілсек байтақ даланы батырлар тұлпарға мініп қорғады емес пе? Ердің қанаты болған сәйгүліктер қазір де тақымымыздан алыстап кеткен емес. Бүгінгі таңда ас-тойларда алдына қара салмаған Құлагер сынды жүйріктерді көзіміз шалады. Бойында бір тамшы арам тері қалмаған, түгі жылтырап, тыпыршып, бәйге тілеп тұрған арғымақ әр қазақтың арманы.

Кәсіби атбегі болмаса да бір жүйріктің бабын қандыру ауылда өскен азаматтың қолынан келері сөзсіз. Дегенмен, қазіргі таңда ұлы өнер материалдық жағдайға байланысты екендігін атап айтқымыз келеді. Ат дүбірін естігенде арқасы қозатын халықтың қалтасында қомақты қаржы болғанда ғана атбегі болмақ.

Олай деуіміздің өзіндік себебі бар. Бәйгенің деңгейі күннен-күнге жоғарылауына ағылшын сәйгүліктерінің үлесі басым. Қар тепсе де қажымайтын қазақы жылқы тіпті ауылдық бәйгенің өзінде (қосылса да жүлде алмайды) көлеңкеде қалып жатыр. Бітімі бөлек жануарларды атбегілер көршілес мемлекеттерден әкелетінін жасырмайды. Бұдан бөлек, ел арасында екпе туралы даудың бары анық. Бәйгеге дейін салынатын түрлі дәрумендерді көрген жұрттың кеудесінде әлі де болса күдік бар.

Ветеринарлық дәріханалардың сөресінде тұрған дәрумендердің мүлде зияны жоқ. Баптау барысында сарқылған күштің орнын толтыру үшін атбегілер түрлі тәсілге барады. Аскорбин қышқылы, гамавит, катозал, натрий хлориді секілді химиялық қоспаларды екпе деуге мүлде келмейді. Осы қаңқу сөздің кесірінен атбегілерге деген құрмет азайды.

Күнін киелі жануардың қасында өткізетін олардың абыройы біз үшін маңызды. Мақсатымыз – қоғамдағы теріс көзқарасты жоюға сәл де болса үлесімізді қосу. Ақ пен қара қатар жүретін дүниеде жақтайтындар да, даттайтындар да табылады. Сондықтан, осы тақырып қозғалғанда қоғамның қақ жарылуы қалыпты жағдай.

Таза қанды жылқының пайда болуы 1960-68 жылдардан басталған. Мұны әлем мойындады. Бәйгенің классикалық түрі (ұшқыр бәйге, қысқа қашықтық) дамыған мемлекеттер үшін осы қылқұйрықтар оңтайлы болды. Елімізде бәйгенің бұл түрі енді ғана дамып келеді. Сондықтан бізге ұшқыр ат емес, тесік өкпелер керек.

Төменұршықтарға жол ашу үшін ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Бекболат Тілеуханов жарыс жолын 43 шақырымға дейін ұзартты. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Алтын тұлпар» республикалық турниріне жер-жерден жүйріктер келді. Алайда алдына қара салмаған Бақторының өзі қолтума. Қара жерді ошақтың орнындай оятын «Самал» мен «Қоянқасқаның» да тұқымы белгілі.

Айта берсек, өрен жүйріктердің қарасы көп. Тек осы күнге дейін қолтума жылқылардың ешбірінде құжат болмаған. Қынжылтатыны – доңызда бар бір жапырақ қағаздың Қамбар ата түлігінде болмауы. Алысқа бармай-ақ көршілес жатқан Ресейден үлгі алсақ болады. Сәйгүліктері қымбат, құжаттары заңды. Қызыл қағазға мұқият қарасаңыз, еріксіз таң қаласыз. Абайдың заманында шапқан күліктерге дейін жазылған.

Демек, бізге де осы мәселені қолға алатын күн жетті. Шетелден тек қана сатып алумен шектелуге болмайды. Бәйгені бір жүйеге келтіріп, қолтума жылқының құжатын рәсімдесек, келесі бір деңгейге көтерілер едік. Яғни, қолтума дегеніміз жылқының тұқымын өзімізде өндіріп, шыққан тегі Қазақстан деген атқа ие болуымыз керек.

Осы мәселенің шешімін күтіп жүргенде атбегі Мақсат Ақаев «Altyn tulpar» You tube арнасына берген сұхбатында өз ойын ашық айтты. Жылқы құмар оқырман, дәл осы каналды ашып, толықтай тыңдасаңыз, көп мән-жайды түсінесіз. Қазақ бәйгесін дамытудың бірнеше жолын көрсетіп, өзінің тың жаңалықтарымен бөлісті. Осыдан соң көп кешікпей жақсы жаңалықтың шеті шықты.

Ол – атбегі Қайрат Махановтың «Қоянқасқа» атты байталына құжаттың берілуі. Ендігі кезекте ұлы аламандарда олжа салып жүрген басқа да қолтума арғымақтарға құжат беріледі деп жоспарлануда. Ағымдағы жылдан бастап жалғасын табатын бұл бастама мемлекеттің айбынын асыратын күшке ие. Сондықтан, тек қана қолдағанымыз жөн.

Құжат – елімізді әлемге паш етудің тағы бір жолы. Жоғарыда ұлы өнеріміз материалдық жағдайға байланысты деген едік. Енді осы тақырыпқа тоқталсақ. Жыл сайын елімізге әлемнің түкпір түкпірінен екі жүзден аса тұлпар келеді. Түгелдей дерлік таза қанды міниіс жылқысы. Олар туралы ақпаратты ғаламтордан оңай тауып алуға болады. Бар болғаны «Гугл» іздеу жүйесіне жылқының лақап атын жазу керек. Қазақтың шежіресіне ұқсас әлгі тұлпардың арғы тегі жазылған құжат шыға келеді.

Осы тұста бұл істі бес саусағындай білетін бірқатар атбегілерді атап айтсақ: Серік Бөбекбай, Ертілеу Сатыбалды, Орынтай Әмірғалиев, Марат Акперлинов, Мақсат Ақаев, Серік Қазыбеков, Қуат Абсалямов, Марлан Бектенов, Ғалымжан Нұрбаев, Нұржігіт Табылдиев. Аталған білікті бапкерлер аламанға лайық тұлпарларды тегі мен сүйегіне қарап сатып алады.

Орташа есеппен мүсіні көз тартқан жануардың бағасы жолымен қосқанда 5000 АҚШ долларын құрайды. Қалталы азаматтар болмаса қарапайым халыққа оңайға түспейтін қаржыға айлық шығыны қосылады. Ол шамамен 100 000 теңге. Тілсіз жануарды білікті бапкерге тапсырсаңыз, кемінде 150 000 теңге төлейсіз. Сонда жылына бір аттың жем-шөбіне 1 800 000 теңгеге жуық қаржы жұмсалады. Бағасы қымбат пырақты қара жарысқа қосуды кім құп көрсін?!

Кіл жүйрік қосылған бәйгеде көмбеге жетпей жығылғандарын жиі кездестіреміз. «Жақсы ат аяқтан қалады» демекші, түрлі жарақат алып қалатындары тағы бар. Оның еміне кететін қаржы өз алдына. Барына ат алып, соңында жүген ұстап қалған қазақ қаншама?

Бұл табысы жеткіліксіз адамдарды байлыққа кенелтудің орнына шығынға батырады. Ертеректе темір тұлпар тек ауқаттыларда еді. Ал қазір керісінше. Көлік екінің бірінде бар, тұлпар тек байларда ғана.

Құлагерді қазақ даласынан емес, шетелден іздеу сәнге айналған заманда Сағынайдың асына сабылып ат іздеген қазақты аукционнан табасыз. Битке өкпелеп тонымызды отқа жағудан аулақпыз. Тек «атақ» деп ертоқым арқалап қалмасақ болғаны. Сол сырттан келген "Тыз етпені" күндік жерге шаптырсақ не болады?

Егер орта жолда жұлыны үзілмесе, мені даттай берсең болады. Ал нағыз қазақ жылқысы күндік жерді аңсап тұр. Шу етіп шауып, шу етіп мәреге келген доданы қазақ бәйге деп есептемейді. Оған мейірімі қанып, қаны да қозбайды.

Бір сөзбен айтқанда, ат жарысының берекесін қашыру деп атар едім. Сондықтан, әлем мойындаған жүйріктерден бас тартпағанымыз абзал.

Жалпы, қарапайым қазақ жылқысы күндік жерге шаппақ түгілі ауылдағы қой бағудан аспай келеді. Ат додасы тек байлардың ермегіне айналды. Қалтасы жұқа қара қазақ сол дөкейлердің білегіне ілген сұлу бикеші мен шеттен келген атына қызығумен шектеліп қалды. Қолында өскен жылқыны сымдай тартылған сәйгүліктің додасына қосу тұрмақ, маңайына апарғанға арланатын күйге жеттік.

Сонда біздің жабыларымыз бен қолына азын-аулақ тұлпар ұстаған ағайын қайда барады? Сондықтан, ағайын, ұлттық дәстүріміз, ұлттық құндылығымыз деп жүрген ат додасын байлардың көңіл көтеретін ойынына айналып кетпей тұрғанда мына мәселеге көңіл бөлген жөн.

Мүмкіндігімізше, тегі мықты айғырлар мен биелерді әкеліп селекциямен айналысып, киелі топырақта түскен құлындарды алыс-жақын шетелдерге сатсақ, тіл мен мемлекеттің аты танылып, экономиканың дамуына бірден-бір себеп болар еді.

Ал ол үшін жылдар бойы тынбай еңбек ету керек. Қазақтың киелі жануарға деген құрметі көбеймесе, азаймайды. Дәл осыған зер салыңызшы. Егер өзіңізді ұлтжанды қазақпын десеңіз, онда осы мәселеге көңіл бөліңіз!

Дәулет ХАЛЫҚҰЛЫ,
Жетісу университетінің студенті.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

...ДЕГЕН ЕКЕН

ҚАҒЫТПА

Халқымыздың дарынды ақыны Есенғали Раушанов Желтоқсан оқиғасы тұсында «Қара бауыр қасқалдақ» деген өлең жазғаны белгілі. Ақынның өлеңдер жинағы өндіріске кетіп бара жатқанда баспа бастығының бірі әлгі өлеңді байқап қалып, Есенғалиды шақыртыпты.

– Сіз «қаңғып келген шүрегей» деп Колбинді мегзеп отырсыз ғой! Ендеше, сіз қатты қателесесіз! Колбин жолдас қаңғып келген жоқ бізге, ол – партияның шақыруымен келген басшы! – деп ақыл айта бастайды.

Онсыз да жүйкесі жұқарып, күйініп жүрген ақын:

– Басеке, «шүрегей» тақырыбыңызға тар келсе, «күркетауық» деп өзгерте саларсыз! – депті де, бөлмеден шығып жүре беріпті.

* * *

Майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықов Жамбыл облысының Сарысу ауданында оқырмандармен кездесу өткізеді. Ауыл мектебінің әдебиет пәнінің мұғалімі Әзекеңнің шығармашылығы туралы баяндама жасайды. Мұғалім ұзағынан сөйлеп келіп:

– Сіздің «Махаббат қызық мол жылдар» романыңыз ел-жұртыңыздың жүрегіне жол тапқан ұлы шығарма! – деп сөзін ұрандай қорытады. – Мұндай роман жазған жазушы өлсе де арманы жоқ!

Сонда Әзілхан орнынан баяу тұрып:

– Ғафу етерсің, інім! – депті иіліп тағзым етіп. – Мен «Аңыз бен ақиқат» деген тағы бір дүние жазып жатыр едім. Сол роман аяқталған соң, сіздің мына ұсынысыңыз жайында ойланайын!

* * *

Көрнекті публицист әрі әдебиет зерттеушісі Сауытбек Абдрахмановтың докторлық диссертациясының ғылыми жетекшісі академик Сейіт Қасқабасов болыпты.

Сейіт Асқарұлы – есімі Қазақстан ғана емес, шетелдерге жақсы таныс, ғылыми ортада абыройы асқақ, беделі биік ғалымның бірі. Академиктің шәкірттеріне де талабы қатаң, талғампаз, дегдар кісі.

Бірде Сейіт Асқарұлының сол жақ көзіне суық тиіп, домбығып ісіп, бірер күнге мүлдем жұмылып қалыпты. Дәл сол күндердің бірінде оған шәкірті Сауытбек жолығып қалса керек.

– Апырмай, Секе, ауырып қалған екенсіз ғой? – дейді Сауытбек ұстазына шын көңілін білдіріп.

Секең де басын изеп, «осылай да осылай болды» деп ақталғандай, ауру көзін қайта-қайта бет орамалымен баса береді.

Сонда Сауытбек:

– Секе, жалпы осы дұрыс болған секілді… енді менің жазған жұмысыма оң көзбен қарайтын болдыңыз! – деп күліп жіберген екен.

* * *

Ертеректе Қонысбай Әбілов университетте оқып жүрген кезінде «Ғылыми коммунизм» атты пәннен лекция оқып тұрған оқытушы:

– Қазір біздің бір аяғымыз социализмде, бір аяғымыз коммунизмде тұр! – деп кеңестік қоғам жағдайын өзінше бейнелеген болады.

Сонда Қонысбай қолын көтеріп:

– Ағай, айтыңызшы, осы сөзді мен былтыр да ес¬тіп едім… қашанғы өстіп талтайып тұра береміз? – деп сұрапты.

* * *

Еліміздің ақын-жазушыларының Бердібек Сапарбаевқа деген құрметі ерек, сыйластығы бөлек. Олар Бекеңді бірнеше облысты басқарған іскер ұйымдастырушы, министрліктерге жетекшілік еткен білікті басшы ғана емес, нағыз ұлтжанды азамат, руханиятымыздың жанашыры, мәде-ниетіміздің қамқоршысы ретінде жақсы таниды.

Осы Бекең Оңтүстік Қазақстан облысында әкім болып тұрған кезінде қол астындағы бір қызметкері қабылдауына кіреді.

– Жұмсаған қызметіңіздің бәріне барып жатырмыз. Анда да бардық, мұнда да бардық. Футболдың добы сияқты домалап жүрміз, – деп өзінің біршама мекемені басқарғанын сөз етіп, наз айтса керек.

Сонда Бекең:

– Шырағым, солай домалай берсеңші. Тек аут кетіп қалмасаң бопты, – деген екен.

«Қазақ әдебиеті» газетінен алынды.

БІР ӘННІҢ ТАРИХЫ

Алтайдың ар жағынан келген аруға еріксіз ғашық етіп, сұлулықтың символын қиялда туғызады бұл ән. Ширек ғасырдан бері әуелеп жеткен әнді бүгінде қай қазақ болмасын сап-сары сағынышпен, нәп-нәзік ностальгия-мен қайа тыңдаудан жалықпайды.

«ТЕҢЕДІМ АСҚАР АЛТАЙ МАРАЛЫНА...»

Бірі «Балалық шағымның куәсі, радиода шырқалып жататын» десе, енді бірі алыста қалған аруын аңсатқан ән екенін айтып еске алады. Ташкент облысынан келіп, атажұртын мекен еткен көрнекті ақын, сазгер Тынышбай Рахымның өз жұртына бұйырмаған Алтайдың арғы жағындағы аруға арнаған өлеңі еді. «Бір әннің тарихы» айдарында әнге қатысты деректерді ұсынуды жөн көрдік.

Қазақтың көрнекті ақыны, сазгері Тынышбай Жаңабайұлы Рахым 1946 жылы 12 қыркүйекте Өзбекстанның Ташкент обылысы, жоғарғы Шыршық ауданында дүниеге келген. Автордың елге кең таралған «Алтайдың ар жағынан келген ару», «Мөлдірім», «Боз орамал», «Күт мені», «Қымбаттым», «Алтайдан сәлем›› т.б көпшіліктің сүйіп тыңдайтын әндеріне айналған.

Бұл әндерден бөлек ақын «Кеш жарық» авторлық бағдарламасы арқылы да көптің көңілінен шығып, көзайымына айналған еді. 1991 жылы бағдарламаға делегациямен қатысуға келген ҚХР Шинжиян телевизиясының дикторы Әмина Еркешқызына арналып, ағалық, бауырмалдық сезімнен туған ән екен.

«1991 жылы алғаш рет Қазақстанға барғанда небәрі 18 жаста едім. Біз шілде айында Қазақстанға барсақ, қазан айында Қазақстандағы делегация бізге келді. Қонақ болып келген ағаларым қолыма дискті ұстатып: «Біздің әріптестер сізге ән арнады» деді. Артынша ұмытылып кеткен еді. Бірнеше жыл өткен соң ән тыңдарманның көңілінен шығып, кеңінен таралып кетті дейді», – сұхбатында ән кейіпкері Әмина Еркешқызы. ш ш ш ш ш

Бұл әннің бағын ашып, тыңдарманымен қауыштырған әнші – Сәкен Қалымов еді. 1990 жылдары Алматыда концерт беріп жүрген кезінде Мақпал Жүнісова өзінің жеке концертімен гастрольге келеді. «Гримеркага кіріп қарасам Мақпал апамыз қара домбырасымен бір әдемі әнді бебеулетіп отыр. Ыңылдап отыр, қасына бардым да «Мына ән кімдікі?» деп сұрап жығыла-жабыстым. Сөйтсем, Алтайдың ар жағынан келген әдемі қызға Тынышбай ағамыз ән шығарған екен», - деп еске алады сазгер.

Бүгінде Ә.Еркешқызының отбасы, қыздары бар. Қазақы ұяңдығы мен биязылығына тәнті болған ағамыз «Қолыңды қош айтысып қыса алмадым» деп арманда қалғаны жан тебірентеді...

Д.ӘМІР.

КӘСІПКЕР

СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН БИЗНЕС ИДЕЯ

Студенттерге арналған үздік бизнес идеялардың ең тиімдісін назарларыңызға ұсынамыз. Қандай бизнес бастарыңызды білмей, ойланып жүрген болсаңыз, сізге керек дерек осында. Кез келген адам есейе келе атананың қамқорлығынан шығып, өз бетінше өмір сүруге бейімделе бастайды. Тіпті, оқушы кезінен өзінің сүйікті ісін кәсіпке айналдырғандар қаншама? Қазіргі таңда табыс табудың мүмкіндіктері өте көп. Назарларыңызға ұсынылатын бизнес идеяларды аз ақшамен де немесе мүлдем ақшасыз бастауға болады.

1. Гаджеттерді, ұялы телефондарды жөндеу орталығы

Гаджеттерді, ұялы телефондарды жөндеу — ЖОО-да оқитын студенттер үшін таптырмас бизнес. Ол екі жолмен жүргізіледі:

1. Бір реттік қосымшалар мен бағдарламаларды орнату, клиенттерді құрылғылармен жұмыс істеуге үйрету;
2. шағын жөндеу жұмыстары.

Шеберхананы кез келген жерден ашуға болады. Жөндеу жұмыстарын жақсы меңгерген болсаңыз, ай сайын таза табысқа шығып отырасыз.

2. Курьерлік қызмет

Студенттер үшін ақшасыз бастауға болатын бизнес қызықтыра ма? Онда достарыңызбен бірлесіп, курьерлік қызмет көрсететін істі бастап көріңіз. Серіктестер ретінде, әртүрлі мерзімде оқитын студенттерді таңдаңыз. Өйткені тапсырыстарды қабылдау және тапсырманы орындау жеңіл болады.

Басына айтып өткеніміздей, істі бастау үшін ешқандай ақша салмайсыз.

3. Курстық жұмыс, реферат жазу

Бұл бизнес нағыз студенттерге арналған жұмыс. Сіздің біліміңіз жеткілікті деңгейде болса, неге байқап көрмеске? Бір жағынан өзіңізге де пайдалы. Достарыңызға да көмегіңіз тиеді. Әрине, ақылы түрде. Белгілі бір пәндерге қатысты дәрістер жинағын, шпаргалкалар жасап сатуға болады.

Ескертетін жағдай, дайындаған қызметіңіздің барлығын қағаз түрінде шығарып, өткізуіңізге тура келеді. Сол себепті тапсырма алған бойда қызметіңіздің жарты ақшасын алдын ала төлеуін сұраңыз. Бұдан өзге бұл бизнесте шығындар жоқ. Ал табыс көлемі әрбір семестр сайын артып отырады.

4. Макияж, шаштараз қызметі

Дәл қазіргі уақытта сән әлемі бизнесті дамытудың ең қолайлы ортасы болып отыр. Ол үшін алдымен өзіңіз визажистің курсын оқып, тәжірибе жинақтауыңыз керек. Одан кейін қажетті құрал-жабдықтарды алып, бірден іске кірісуіңізге болады.

Бастапқыда бұл бизнеске ақша салуға тура келеді. Арнайы орын жалдамасаңыз да, шақырту бойынша барып қызмет көрсетуіңізге болады. Сұранысқа ие сала болғандықтан, табыс күнделікті түсіп отырады.

5. Контент сату

Ең қарапайым бизнес түрі. Алайда ерекше ақыл-ой мен шығармашылықты қажет етеді. Егер сіздің бойыңыздан осы қасиеттер табылса, қиындық тудырмасы анық. Мысалы, өзіңіз жазған мақаланы, салған суреттеріңізді, өзіңіз түсірген авторлық фотоларыңызды, жасаған логотиптеріңізді сатуға болады.

Тапсырыстарға ақылы қол жеткізуді ұсынатын алаңдарға тіркелуді қоспағанда, бастапқыда ақша салудың қажеті жоқ.

6. Сайт жасау

Сайт құрастыру бойынша бизнесіңізді арнайы бағдарламалау тілін меңгермей-ақ ашуға болады. Қазіргі таңда студенттердің көпшілігі осы бизнес түрін меңгеруге бейім.

Сайт құрудың бағдарламалары да түсінікті және қарапайым. Олардың ішдегі ең танымалдылары — Wix, Tilda, uKit, Nethouse.

7. Репетиторлық қызмет

Егер сіз болашақ педагог болсаңыз, біліміңізді шыңдап және одан табыс табуға жақсы мүмкіндік. Ең бастысы сіздің біліміңіз жеткілікті деңгейде болу керек.

Бұл бизнесті ақшасыз бастап кетуге болады, есесіне білім үйреткен әр сағатыңызға ақша аласыз. Қазіргі таңда репетиторлық қызмет бойынша қашықтықтан онлайн оқытуға болады. Бұл бір шетінен сіздің уақытыңыз бен ақшаңызды үнемдейді.

8. Құпия сатып алушы

Студент тағы қандай бизнестің көзін таба алады деп ойланып отырсыз ба? Онда достарыңызбен бірлесіп, құпия сатып алушылар агенттігін құрыңыз. Кеңсе жалдамай-ақ жұмыс істеуге болады.

Ең бастысы, өзіңіздің жеке сайтыңыз немесе әлеуметтік желіде танымал парақшаңыз болса жетіп жатыр. Егер олай болмаса, жарнамаға аздап шығындалуыңызға тура келеді.

9. Инстаграмдағы жеке блог

Студенттер үшін танымалдылыққа жол ашатын ең оңтайлы бизнес түрі Инстаграмда жеке блог құру. Парақшадағы оқырмандар саны мен белсенділікті арттыру үшін масслайкинг, массфоловинг, таргетинг, гивтерге, марафондарға қатысу сынды жұмыстар атқаруыңыз керек.

Егер сіздің контентіңіз қызық және сұранысқа ие болса, жарнамалау арқылы пайда табуыңызға болады. Ісіңіз ең бастысы өзіңізге ұнауы тиіс.

10. Handmade

Қолмен жасалған бұйымдарды сату жақсы табыс әкеледі. Бастапқыда жұмысқа қажетті заттар үшін шығындалуыңыз заңды. Алайда сіздің өніміңіз сапалы дайындалған болса, бірден сұранысқа ие өнімдердің қатарынан табылатынына күмәнданбаңыз.

Студенттерге арналған кәсіп түрлерінің бірнеше нұсқасын назарларыңызға ұсындық. Айтылмай қалғандары қаншама? Ең бастысы ұсынылған бизнес түрлерін кез келген адам игере алады. Және бастапқыда көп ақша салмай-ақ бастап кетуге болады. Сол себепті табыс табудың бірнеше тәсілін байқап көріп, жаныңызға қайсысы жақын екенін анықтаңыз.

Balbal.kz

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Лина АЙДЫНҚЫЗЫ – тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ – тілші

Кезекші редактор: Д. БЕРЕКЕТ

Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 238
Индекс 15534